**Ақпараттық технологияларының 2000 жылға сәйкестігі проблемасын шешу жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қазан N 1537

"Ақпараттық технологиялардың 2000 жылға сәйкестігі проблемаларын шешудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 572 P990572_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелерін ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі комиссия ұсынған Ақпараттық технологиялардың 2000 жылға сәйкестігі проблемасын шешу жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың атқарылуы үшін дербес жауапкершілік орталық және жергілікті атқарушы органдардың, өзге де мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына (келісім бойынша) жүктелсін.

3. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының міндетін атқарушы-Қаржы министрінің міндетін атқарушы О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 7 қазан N 1537
қаулысымен бекітілген

Ақпараттық технологиялардың 2000 жылға
сәйкестігі проблемасын шешу жөніндегі
ұлттық іс-қимыл жоспары

I-Тарау. Жалпы бөлім

2000 жылдың проблемасы жылды белгілеу үшін компьютерлік және қондырылған жүйелерде жылды көрсету үшін төрт емес, екі сан қолданудың (мысалы, "1999" жылды белгілеу үшін "99") қажеттілігі салдарынан пайда болып отыр. Кезінде бұл компьютерлік ресурстардың қымбатшылығымен және компьютерлік жүйелердің өнімділігін арттыру қажеттілігімен ақталған болатын. Бүгінгі таңда бұл шешімдер көптеген компьютерлік және қондырылған жүйелер жұмысының сенімділігіне қауіп тудырып отыр.

Күнді өңдеуге байланысты есеп айырысулар қате қорытындылар әкелуі мүмкін және сыни маңызды ақпарат жоғалуы не бүлінуі немесе өзінде қондырылған микропроцессорлары бар, күнді өздері өңдейтін электрондық құрылғының жұмыс істемей қалуы немесе қатардан шығуы мүмкін.

Проблеманың "қарапайымдылығына" қарамастан, 2000 жылдың проблемасына байланысты жағдайдың төтеншелігін тереңдететін екі маңызды аспект бар.

Бірінші аспект - 2009 жылдың проблемасы барлық компьютерлендірілген және қондырылған жүйелерді әлеуетті қамтиды және сонысымен ұлттық экономикаға қауіп тудырады.

Екінші аспект - 2000 жылдың проблемасының ірі масштабты және күрделі сипаты бар, бұл оны уақыт пен күш салу тұрғысынан алғанда, елеулі шығындарды талап ететін басқару проблемасына айналдырады.

Компьютерлердің барынша кеңінен қолданылуына байланысты 2000 жылдың проблемасы: мемлекеттік институттардың, жеке компаниялардың, азаматтардың барлығына қатысты. Тәуелділік тізбесінің және өзара байланыстардың болуы, мәселен, егер 2000 жылдың проблемасы басқару жүйесінде әуе қозғалысымен толық шешілетін болса, онда бұл жүйе, егер электр жабдықтауда немесе байланыста іркілістер басталса, бәрібір жұмыс істемеуіне әкеп соқтырады. Ешбір ел қалған әлемнен оқшауландырылмағандықтан, өзара байланыс пен өзара тәуелділік тізбесі қосымша белгісіздік пен қосымша тәуекел құрай отырып, ұлттық шекаралардың шегінен шығып кетеді.

Компьютерлік және қондырылған жүйелердің жұмыс істемей қалуы медициналық жабдықтың жұмысына әсер етуі мүмкін және соған сәйкес аурудың өміріне және денсаулығына қауып туғызуы мүмкін денсаулық сақтауда электр жабдықтау, телекоммуникация, су тазарту және сумен жабдықтау сияқты коммуналдық қызметтер қозғалуы мүмкін. Қаржы жүйелерінде проценттік ставкаларды дұрыс есептемеу, теріс сандар алу, алымдарды төлемдерге ауыстыру - операциялардың дұрыс жүруіне зиян тигізуі мүмкін. Егер банктер өзінің 2000 жылға әзір екендігі жөнінде және т.б. қоғамды сендіре алмаса, шоттардан қаражатты алып тастау қаупі бар (ақшалай есеп айырысулар

өте жылдам жүзеге асырылады).

Экономиканың секторлары 2000 жылдың проблемасына осалдық дәрежесіне қарай жіктелуі мүмкін. Бұл жіктеме де осы немесе өзге сектор ақпараттық және қондырылған жүйелерді қандай дәрежеде қолданатындығына, сондай-ақ секторлардың өзара тәуелділік дәрежесіне негізделеді.

2000 жылдың проблемасы, белгіленгеніндей, тәуекелдің алуан түрлі факторларымен ауыртпалық түскен ірі, ауыр, басқарушылық проблема болып табылады, оның ішінде: шешімнің кезек күттірмейтін сипаты, шектеулі ресурстар, барлық жүйелердегі қателіктерді уақытында жоюдың қиындығы. Көлем, масштаб, уақыт, ресурстар мен сыртқы факторлар проблеманың белгісіздігі мен қиындығына өз үлесін қосады.

2000 жылдың проблемасы бойынша іс-қимылдардың ұлттық жоспары өзіне Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000 жылдың проблемасын шешу жөніндегі бастаманы басқаратын әдістерді қамтиды және мынадай төрт басты мақсаты бар:

1) Түрлі секторларда ұлттық масштабтағы проблеманы шешу жөніндегі бастамалардың дамуын үйлестіру және бақылау.

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігі шегінде 2000-ның проблемаларын шешу жөніндегі бастамаларын дамытуды жеңілдету.

3) 2000-ның проблемасына байланысты тәуекелдер мен қателердің зардаптарына қатысты жалпы ақпараттануды қамтамасыз ету, Ү2К-проблемасын шешуде басшылық пен қолдауды жүзеге асыру.

4) 2000 жылдың проблемасына байланысты тәуекелдерді басқару кезінде әдістемелік көмек көрсету.

Осы төрт мақсатқа байланысты әрқайсысы қалғандарымен тығыз байланысты тұрған мынадай төрт басты бағдарлама іске асырылуы тиіс:

1) 2000 жылдың проблемасын шешу бойынша көмектесуді ұйымдастыру бағдарламасы арнаулы үкіметтік бастамаларды және іс-қимылдарды (қорларды, заңдарды және с.с.) айқындауға бағытталған. Бұл бағдарламаның мақсаты - Қазақстан республикасының Үкіметі деңгейінде қаржы ресурстарын реттеуге және құқықтық қолдауға немесе олардың жетімділігі мәселесіне қатысты бастамаларға көмек көрсету үшін Ү2К-жобаларды әзірлеуге көмектесуде және осы әзірліктерге барлық әлеуетті кедергілерді қарауда. Ол сол сияқты басқа елдермен немесе халықаралық органдармен әріптес-елдерден басталатын ықтимал тәуекелдерді бағалауға және Ү2К-проблеманы шешу үшін аймақтық ынтымақтастық пен бірлескен қызметті дамыту үшін байланыстарға көмектесуге бағытталған.

2) Ақпараттық және жалпы қолдау бағдарламасы елдің ақпарат алуын дамытуға және қолдауға, Ү2К-проблеманы шешуде тәжірибелік көмек пен басшылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бағдарлама Ү2К-проблеманы түсіну және Ү2К-жобада пысықталатын түзетуші әсерлерді қолдау үшін пайдалы әр қилы

ақпаратты таратуға арналады. Мақсат - мемлекеттік, сондай-ақ жеке секторға басшылықты және оны қолдауды қамтамасыз ету. Ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу мадақталатын және ынталандырылатын болады.

Бұл бағдарламаның қызмет саласы күштерді шоғырландыру қауіпті азайту және жобалардың жедел іске асырылуын жеңілдету үшін Y2K-проблема туралы берілген ақпараттың орталық базасын, елдегі және шет елдегі шешімдер мен тәжірибені әзірлеу және жүргізу болып табылады. Бұл бағдарлама жұртшылық пен жергілікті атқарушы орган үшін активті кеңесші және консультативтік органның жұмыс істеуін нысанаға алады.

Ұлттық Y2K-жоспардың іс-әрекеті мен қорытындылары туралы барлық ақпаратты жұртшылыққа жетімді ету үшін ақпарат пен байланыс бойынша жалпыұлттық компанияны тексеру көзделіп отыр.

3) 2000 жылдың проблемасын шешу кезінде тәуекелдерді басқарудағы әдістемелік көмек бағдарламасы экономиканың басым салаларын және 2000 жылдың проблемасына байланысты тәуекелге көбірек душар болған жүйелерді анықтауға және жұмыстың басым бағыттарын айқындау үшін алынған ақпаратты пайдалануға және осы тәуекелдерді бейтараптандыру жөнінде көмек көрсетуге бағытталған. Одан әрі тәуекелдерді анықтау және салыстырма талдамасы бойынша жүйелердің модификациясын, ауыстыру мен істен шығаруды және қолмен басқаруға көшу мүмкіндігін көздейтін басым салаларда осы проблемаларды жеңіп шығудың нақты стратегиялары көзделген болуы тиіс.

4) Бақылау және бағалау бағдарламасы Y2K-проблеманы шешу жөніндегі жобалардың барысы мен сапасын тексеруге байланысты. Бұл бағдарлама Y2K-проблемасын шешу жөніндегі түрлі бастамалардың барысы туралы және елдің түрлі секторларындағы ілеспе әлеуетті сыни жағдайлар туралы ақпарат жинауды нысанаға алады. Бұл ақпарат Y2K-проблемасы бойынша Қазақстан

Республикасындағы жағдай туралы Үкіметке берілетін есептің негізін құрайды. Ол әдейі араласуды талап ететін ерекше маңызды міндеттерге көңіл аудартады.

Барлығы бірге ұлттық Y2K-жоспарының жалпы мақсатына жетуге мүмкіндік беретін әрбір бағдарламаның өз ерекшелігі бар.

## 2-Тарау. 2000 жылдың проблемасын шешуге көмектесуді ұйымдастыру

### 1. Бюджет және қаржыландыру

Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 572 қаулысына сәйкес мемлекеттік мекемелерде 2000 жылдың проблемасы бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы ақпарат жинауды жүзеге асырады. Бұл ретте басты мақсат тәуекелді бағалау және басымдықтарды айқындау, жүргізілетін жұмыстарға бақылау жасау, сондай-ақ қажетті қаржы ресурстарын анықтау үшін қаржылық қажеттіліктерді зерделеу және бағалау болып табылады. Өкінішке орай, ағымдағы сәтте министрліктер мен ведомстволар бойынша тұтастай алғанда 2000 жылдың проблемасын шешудің алғашқы сметалық құны да жоқ. Жекелеген құрылымдардың сұрау салуы орын алып отыр, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі - 800 мың АҚШ доллар, Қазақстан Республикасы Президенттің Іс басқармасы - 300 мың АҚШ доллар, ал Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі - 10 мың АҚШ доллар сұрады. Барлық министрліктер мен ведомстволарда Y2K-проблеманы шешудің алғашқы сметалық құны тұтастай алғанда әлі бағаланған жоқ. Бұл сан Y2K-ге байланысты министрліктер мен ведомстволардан деректердің түсу шамасына қарай, іс-шаралар жобаларының анықталуы мен орындалуына қарай анықталатын болады.

Көптеген министрліктер мен ведомстволар үшін қаржыландыру мүмкіндіктері өте шектеулі. Сондықтан, мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі Комиссия Y2K-ге арналған қосымша қаржы қаражатын іздестіруде көмек көрсетуге міндетті болмақ.

Қаржыландыру көздерін іздестіру шамасына қарай, мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі Комиссия Y2K бойынша қаржыландыру өтінімдеріне сүйене отырып, министрліктер мен ведомстволар үшін сырттан алынған қаржы ресурстарын орналастыру және төлеу ережесін белгілейді. Қаражатты орналастыру табысты қорытындының мүмкіндігін ескере отырып, белгіленген басымдықтар мен тәуекелді бағалауға тәуелді болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 572 қаулыға сәйкес, сол сияқты қажеттілік жағдайына қарай, Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары және басқа да мемлекеттік органдар жұмыс топтарын құрды немесе құруға, ведомстволық бағынысты ақпарат жүйелерінің жай-күйін талдауға, Y2K-проблемасын шешу жөніндегі әрекеттерді айқындауға тиіс. Осыған байланысты, олар іс-шаралардың меншікті жоспарларын әзірлейді және мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процесстерін үйлестіру жөніндегі Комиссияға тапсырады. Басшылар жүйелердің 2000 жылға әзірлігін қамтамасыз ету үшін жеке жауапкершілік көтереді.

Зерттеулердің қорытындыларына және Y2K-ға жасалатын тұрақты бақылауға сүйене отырып, жоғары тәуекелдің секторлары, сондай-ақ олардың жеке қаржылық

қажеттіліктері айқындалатын болады. Өмірлік маңызды секторлар үшін қажет қаржылардың жалпы саны ұдайы анықталатын болады. Одан кейін, мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі Комиссия қаражатты іздестіру шамасына қарай, алынған қаржы ресурстарын орналастыру жөнінде ұлттық басымдықтар тұрғысында ең жоғары тиімділікті қамтамасыз ету тәртібімен шаралар қолданады.

Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі Комиссия Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен ынтымақтастықта қаржы ресурстарын, мәселен Бүкіләлемдік банктің Y2K-гранттарын іздеу үшін байланыстар орнатуға және демеушілікке көмектесетін болады. Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі Комиссия Y2K-шығыстарының барысы мен жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі алдында есеп береді.

Мәселелерді ұқсас пысықтауды облыстық (қалалық) жергілікті атқарушы органдар жанындағы комиссияларға (комитеттерге) жүзеге асыру ұсынылады.

## 2. Заң мәселелері

Бірқатар елдерде 2000 жылдың проблемасын шешудегі Үкіметтің рөлі заңдарда бекітіледі. Мәселен, 1997 жылғы ақпанда Швецияда қабылданған ұйғарым Үкіметке 2000 жылдың проблемасын шешуге міндетті түрде қатысуды жүктейді және статистикалық органдар арқылы ақпарат жинау ұйымымен оның қадағалаушылық рөлін айқындайды. Ұқсас ұйғарымдар басқа да елдерде қабылданған. Мәселен, АҚШ-та, Конгресс осы проблема маңызды жүйелерге зиян келтірмей тұрғанда, осал жүйелерді қайта бағдарламалау немесе ауыстыру мемлекеттік және әлемдік маңызы бар мәселе болып табылады деген тұжырымға келді. Атап айтқанда, "2000 жылға дайындық туралы" ақпаратты ашуға және алмасуға байланысты, осындай ақпаратты уақытында ашуға және алмасуға көмектесетін бірыңғай құқықтық нормалар ұлттық мүдделерге жауап береді деп белгіленген.

Батыстың сарапшылары 2000 жыл проблемасының жанама қорытындысы ретінде әлеуетті сот процестерінің алты түрін болжамдап отыр:

1) қаржысына және инвестицияларына зиян келтірілген клиент қозғаған процесс;

2) бағдарламалық құралдары 2000 жылға сәтті көшуді көздемеген акционерлік ұйымдар қозғаған процесс;

3) 2000 жылдың проблемасы нәтижесінде болған кез келген өліммен немесе дене жарақатымен қауымдастырылатын процесс;

4) компьютерлер мен бағдарламалық қамтамасыз ету пакеттерін әр түрлі абыржыған пайдаланушылар қозғаған топтық талап қою процесі;

5) кездейсоқ берушілердің, мердігерлердің, консультанттардың немесе 2000

жылдың коммерциялық аспаптарының қызметтерін пайдаланған ұйымдар қозғаған 2000 жылдың проблемалары бәрібір зиянын тигізген процесс;

6) егер 2000 жылдың проблемасы ақпараттық қамтамасыз етуде немесе ішіне орналастырылған микрокодта, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуде тұрса, компьютерлік ұйымдарды аппараттық қамтамасыз етуді жасаушыларға қарсы процесс.

Осылайша, үшінші тарап толық суретті көре алады және осы тұрғыда.

Сот процесімен салыстырғанда делдалдықтың пайдасы бар, өйткені оның мынадай белгілері бар: жылдамдық, қарапайымдылық, төмен құн, шешімдер қабылдаудың бірлестігі.

Баламалы шешім көптеген банктер, компаниялар және с.с. біріктірілетін Мыңжылдық Келісімде (CEDR ұйымы шеңберіндегі бастама) қолданылады. Қазақстандық ұйымдар мен компанияларға осындай рәсімдерді қолданудың мүмкіндігін қарау ұсынылады (Web-site http:// y2к.minfin.kz қараңыз).

Мемлекеттік мекемелер үшін құқықтық база министрліктер мен ведомстволардың, оларға бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларының, сондай-ақ жергілікті органдардың басшыларының міндеті 2000 жылы техникалық инфрақұрылымды дайындауды қамтамасыз етуге ауыстырылған "Ақпараттық технологиялардың 2000 жылға сәйкестігі проблемаларын шешудің кейбір мәселелері туралы" 1999 жылғы 13 мамырдағы N 572 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы болып табылады.

Жеке сектор үшін фирмаға сот талаптарын қою тәуекеліне байланысты құқықтық мәселелерді шешу, және 2000 жылға дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік жоспарларды жасау ұсынылады.

Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі Комиссия Y2K-жобаларын дамытуға және енгізуге мүмкіндік туғызатын заңдық бастамалардың жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің карауына енгізген кезде көмек көрсететін болады.

Таратудың қабылданған әдістеріне қосымша бекітілген нормативтік және құқықтық құжаттар web-site-ке тапсырылатын болады.

Комиссия осы бастамаларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу үшін 2000 жылдың алғашқы күндері кезеңін форс-мажорлық деп тану келер жылдағы қаңтардың алғашқы күндерін жұмыс күндері емес деп жариялау жөнінде ықтимал бастамаларды қарайды.

## 3. Аймақтық мемлекеттік органдардың рөлі

Жергілікті атқарушы органдарға бағынысты ұйымдарда және жеке секторда аймақты 2000 жылға дайындау процестерін үйлестіру жөніндегі комиссиялар (комитеттер) ұйымдастырылуы тиіс.

Жергілікті атқарушы органдар:

1) аймақ шеңберінде 2000 жылға дайындық жөніндегі жұмыстардың басым бағыттарын айқындауы;

2) аймақ аумағында 2000 жылға дайындық жоспарларын әзірлеу және орындау процесін бақылауы;

3) аймақта әрекет ететін ұйымдар мен кәсіпорындардың 2000 жылға тиісті дайындығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылуы қажет нақты іс-шараларды ұсынуы;

4) 2000 жылдың проблемасын шешуге дайындықтың маңыздылық дәрежесі және барысы туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыруы тиіс.

2000 жылға дайындық кезінде аймақтық мемлекеттік органдардың ролін айқындауда жалпы алғанда екі негізгі амал-тәсіл туралы сөз етуге болады. Бұл амал-тәсілдерде ұқсас міндеттер шешіледі, ал айырмашылықтар жергілікті атқарушы органдардың жанындағы комиссиялар (комитеттер) таратылатын өкілеттіктер көлеміне саяды.

Бірінші амал-тәсіл тікелей басқару принципін іске асырумен байланысты. Бұл жағдайда жергілікті атқарушы органдар жанындағы комиссия (комитет) өз аймағы аумағында 2000 жылға дайындық жөніндегі барлық күштердің орталығына айналады. Бұл амал-тәсіл елеулі-маңызды екі құрамдас бөлікті:

1) бірыңғай күшті орталықтандырылған үйлестіруші комиссияның (комитеттің) болуын;

2) осы комитеттің активті атқарушы органының (жұмыс органы, штаб) болуын көздейді.

Орталықтандырылған үйлестіруші комиссия (комитет) атқарушы өкімет басшысының немесе оның орынбасарының төрағалық етуімен құрылуы және жұмыс істеуі тиіс. Комиссияның (комитеттің) құрамына жергілікті мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың жоғарғы тобының басшылары кіруі керек.

Комиссияда (комитетте) облыстың тек ең маңызды кәсіпорындары мен ведомстволары ұсынылуы тиіс, ал оның мүшелерінің саны 10 адамнан артық болмауы ұсынылады. Мұндай комиссияның қызметінің (комитеттің) басты міндеті аймақтың мүдделерін тиімді қорғау болып табылады. Комиссия (комитет) өзінің мәжілістерінде мемлекеттік және жеке сектордың кәсіпорындары мен ұйымдары үшін 2000 жылдың проблемасын шешу жөнінде дүркін-дүркін ұсыныстар жасайды.

Комиссияның (комитеттің) атқарушы (жұмысшы) органы оған комитет табыстаған кең өкілеттіктерді жібереді. Оның құрамында кемінде үш қызметші болуы тиіс. Қазіргі жағдайдағы қаржылық қиындықтарды ескере отырып, арнайы құрам мемлекеттік шенеуніктерді 2000 жылдың проблемасы біткенге дейінгі кезеңге жұмыстың осы учаскесіне уақытша ауыстыру есебінен құрылуы тиіс.

Әрбір кәсіпорын мен ұйымда іс-шаралардың іске асырылуын бақылайтын және

комитет алдында істелінген жұмыстар туралы есеп беріп отыратын 2000 жылға дайындық жөніндегі жұмыстардың жауапты басшы-қызметкерін қарастыру керек. Бұл қызметке ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы тағайындалуы тиіс. Атқарушы (жұмысшы) органға сол сияқты аймақтың кәсіпорындарының, ұйымдарының 2000 жылға дайындық дәрежесі туралы бақылау жасау және есептілік функциясы жүктелуі тиіс. Атқарушы орган үйлестіруші комитеттерге дүркін-дүркін есеп беріп отыруы керек .

Тікелей басқару әдісінің басты басымдығы облыстық (қалалық) жергілікті атқарушы органдар 2000 жылдың проблемасын шешу процесін толығымен бақылайды және істелген жұмыстар мен ықтимал тәуекелдер туралы жақсы хабардар етіледі. Негізгі кемшілік - көп шығындардың, уақыттың және адам ресурстарының қажеттілігі.

Екінші амал-тәсілді (өкілеттіктерді тапсыру әдісін) 2000 жылдың проблемасын шешуге жергілікті атқарушы органдар тікелей қатыса алмайтын және/немесе бұл үшін адам және уақыт ресурстары болмаған жағдайларда қолдану ұсынылады. Екі жағдайда да 2000 жылға дайындық үшін, бұған қажет ресурстарды іздестіру үшін, оқиғалар туындаған жағдайда іс-қимылдардың жоспарларын әзірлеу үшін барлық жауапкершілік өздерінің кәсіпорындары мен ұйымдарының 2000 жылға дайын болуы үшін жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдардың және фирмалардың басшыларына - олардың дербес жауапкершілігіне беріледі.

Мұндай жағдайда жергілікті атқарушы органдардың ролі семинарлар өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық компаниялар ұйымдастыру арқылы 2000 жылдың проблемасы туралы хабардарлық дәрежесін арттыруға келіп саяды. Мұндай жағдайда, мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдар 2000 жылға өзінің дайындық дәрежесі туралы өздеріне үнемі есеп беріп отыратынын қоспағанда, жергілікті атқарушы органдар тиісті бағдарламаларды орындау барысына тікелей бақылау жасаумен айналыспайды. Осындай амал-тәсілде аймақтық комиссия (комитет) құрудың қажеті жоқ, бірақ бұл жағдайда да жоспарлауды, ағымдағы бақылауды, есептілікті және мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдармен және фирмалармен байланыстарды ретке келтіруді ұйымдастыруға жауапты үш-төрт адам жұмыс істейтін жұмысшы орган ұйымдастырылады.

Беру әдісінің артықшылығы - оның жергілікті атқарушы органдар тарапынан әлдеқайда аз жергілікті атқарушы органдар шығындарымен қатар кездесіп отыратындығы, кемшілігі - жергілікті атқарушы органдардың қолында аймақтағы 2000 жылдың проблемасының жай-күйі және онымен қатар кездесетін тәуекелдердің дәрежесі туралы барынша толық ақпараттың болмауы болып табылады.

2000 жылға әзірлеу жөніндегі барлық жұмыстардың табысты болуы немесе сәтсіздікке ұшырауы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларының тек жеке қабілетіне, проблеманың маңыздылығын түсіну дәрежесіне және уәждемесіне байланысты.

## 4. Халықаралық қатынастар

Internet-ті және басқа да құралдарды пайдалана отырып, Комиссияның Жұмыс органы Y2K жөніндегі халықаралық уақиғалар мен жағдайды бақылайды және жеке секторлар және/немесе ұйымдар бойынша ақпаратты таратып отыратын болады. Мамандандырылған салалық семинарлар, аймақтардағы немесе тағы басқа жерлердегі уақиғалар бойынша ақпарат, сондай-ақ ең жақсы шешімдер туралы ақпарат іске қосылатын болады.

Көбісі 2000 жылдың проблемасы тек немесе негізінен технологиялық жағынан ең дамыған немесе алдыңғы қатарлы елдерге ғана қатысты деп ойлайды. Бұл көзқарасқа сәйкес, дамушы елдер өздерінің компьютерлерге, ақпараттық және коммуникациялық технологияларға азырақ тәуелді болуы нәтижесінде аздап зиян шегуі тиіс. Өкінішке орай, бұл мүлдем олай емес және осы қорытындыны Қазақстанға да қатысты таратуға болады. Қазақстан өзара байланысты әлемнің және әлемдік экономиканың құрамдас бөлігіне айналып барады. Қаржы саласындағы, жеке сектордағы мемлекеттік өкімет органдары пайдаланатын ақпараттық жүйелер олардың өз функцияларын жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Мемлекеттік мекемелердің сауалдамасы көрсеткендей, көптеген жағдайларда ақпараттық жүйелер 2000 жылдың проблемасына тап болған көне бағдарламалық және аппараттық платформаларға негізделеді. Көне арнайы компьютерлердің үлесі мемлекеттік те жеке секторда да барынша жоғары, әсіресе, бұл компьютерлердің ең соңғы модельдерінің өзі "2000 жылға дайындық" талаптарына әрқашан толықтай жауап бермейді. Сол сияқты Қазақстан шетелдік өндірушілер мен берушілерге технологиялық жағынан, оның ішінде қондырылған жүйелер бойынша толық тәуелді екенін ескеру керек. Бұдан басқа, Қазақстанда басқа да маңызды жобалар мен бағдарламаларға зиян келтірмей, 2000 жылдың проблемасын шешу үшін кадрлар, сол сияқты қаржы ресурстары жоқ. Басқа сөзбен айтқанда, "2000 жылдың проблемасы" абсолюттік мағынада соншалықты зор болмауы мүмкін, бірақ әлеует жағынан өте шындап зиян келтіруі мүмкін.

ТМД-ның барлық елдері сияқты, Қазақстан мемлекетаралық операциялар мен трансакцияларға, мәселен, темір жол жүйесі; сондай-ақ халықаралық талаптарға мәселен, әуе көлігі және с.с., тарихи тәуелді.

2000 жылдың проблемасын шешу жөніндегі халықаралық ахуалды бағалау мен талдау бойынша жұмыстар жүргізу, басқа ұлттық Үйлестірушілермен өзара іс-қимылды жылжыту қажет болған кезде бірлескен бастамалар көтеру, ерекше секторлардың проблемасы бойынша халықаралық органдармен қарым-қатынастарды жылжыту халықаралық тәжірибеден үлгі алуға мүмкіндік жасау және басқа елдер тарапынан зиянды жеңілдету үшін барлық шараларды қолдану жоспарланып

отыр.

### 3-Тарау. Ақпараттық қамтамасыз ету және жалпы қолдау

5. Хабардарлылық және ақпаратты тарату

Ұлттық жоспардың әрекет етуінің ажырамас бөлігі ақпараттандыру бойынша тиімді науқан жүргізу болып табылады.

2000 жыл проблемасының шешімін үйлестірудің ұйымдастырушылық құрылымы

Кесте

```
      ҮКІМЕТ --------------------------- ҚР ТЖ жөніндегі агенттігі
        |
      Мемлекеттік мекемелерді
  ---- ақпараттандыру процестерін  -------"ҚЖАО" РМК-ның жұмыс органы
   |  үйлестіру жөніндегі комиссия                |
   |    |                  | \      Құзыретті орталық
   |  ҚР Ұлттық Банкінің         \ \
   |     комиссиясы   ---Құзыретті \ \----------
   |         |     \  орталық    \           \
   |     N 1 банк      Nn банк       N 1          Nn
   |   (сақтандыру   (сақтандыру  Министрлік    Министрлік
   |     қоғамы)       қоғамы)   (ведомство)    (ведомство)
   |
   |----------------/\
                 /  \
                /    \
             N 1      Nn
          жергілікті   жергілікті
          атқарушы      атқарушы
           орган        орган
           /  |          |  \
          /   |          |   \
  Ведомстволық  Жеке      Жеке    Ведомстволық
```

бағынысты сектор сектор бағынысты
ұйымдар кәсіпорын. кәсіпорын. ұйымдар
дары дары

| Осы науқан Y2K-проблемасы бойынша хабардарлықты кеңейтуге

бағытталған және ресурстар мен болашақ оқиғалар бойынша ақпаратты білдіру үшін және одан арғы ақпараттар үшін байланыстың нүктесі ретінде web-site (төмен қара) мен Комиссияның Жұмысшы органын пайдалануға ықпал етеді.

Жекелеген ПК көптеген офистерде, мектептерде және үйлерде бар болғанымен Қазақстан аумағында web-site әлі де болса кең қолдануға қолайлы емес. Бұл жағдай бірте-бірте жақсара түсуде, мысалы, көптеген жоғары және орта оқу орындарында Ұлттық жоспар шеңберінде Internet-ке қосылған. Бұдан шығатын қорытынды, мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін, хабардарлықты арттыру стратегиясы бірін-бірі әр алуан толықтыратын мәліметтерден тұруы тиіс.

Әрбір жағдайда, адамдардың санасына жеткізуге қажетті мәліметтер аудитордың өзіне тәуелді. Сонымен қатар, жалпы жұмыстар адамдардың хабардарлығын арттыру, оқыту арқылы үрейдің туындау ықтималдығын азайту зерттеулерді ынталандыру және проблемаларды шешу жолдарын табу бағытында жүргізілуі тиіс. Жүйелерде түзетуді жүргізу стратегиясы жылдың аяғына дейін ауыстырылатын болады. Жаңартудың кіші жүйесі үшін өмірлік қабілетті таңдау ретінде саналуы мүмкін болғанымен, түзетуге арналған ресурстары жоқ үлкен жүйелер үшін төтенше жоспарлау әрекет етудің біршама оңтайлы курсы ретінде ерекшеленуі тиіс. Жылдың соңғы тоқсаны ішінде төтенше жоспарлау қызу түрде таратылатын болады.

Ақпараттық қолдау стратегиясы мыналарды қамтиды:

1. Күн сайынғы газеттер. Проблемалар бойынша халықтың жалпы хабардарлығын арттыруға және Y2K проблемасын шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қолданатын әрекеттер туралы ақпараттандыруға арналған. "Казахстанская правда" және күн сайынғы газеттердің бірінде 2000 жылдың проблемалары бойынша ағымдағы жағдайларға арналған күн сайынғы баған (орыс тілінде), сондай-ақ қазақ тілінде " Егемен Қазақстанда" жоспарлануда. Одан басқа, шаралардың тапсырысы үшін және одан арғы ақпараттарды алу үшін тірек нүктесі ретінде web-site мен. Комиссияның Жұмысшы органының мекен-жайына жарнамалық газеттерде хабарландыру беру жоспарлануда.

2. Теледидарлық бағдарламалар

1) Телеарналардың бірінде қысқаша хабарлар беру (3-5 минуттық) жоспарлануда, басында және аяғында Y2K проблемасын енгізетін клиппен сүйемелденеді. Хабар

алдағы немесе өткен оқиғалар туралы ақпараттандыратын түрлі ұйымдар туралы және Y2K проблемасымен олардың қалайша жұмыс істеп жатқандығы туралы әңгімелейтін, сондай-ақ көрермендерге қатысты бір-екі мәселені қарайтын болады.

2) Төменде айтылатынындай, семинарлар және басқа да маңызды оқиғалар бойынша пресс-конференциялар жоспарлануда.

3. Web-Site (Y2K minfin ks) Құрылатын Web-Site мынадай болады:

1) Y2K-проблемасын ресми айқындаған және Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процесстерін үйлестіру жөніндегі комиссияның алдына міндеттер қойып отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 187 және 1999 жылғы 13 мамырдағы N 572 қаулылары сияқты 2000 жылдың проблемаларына қатысты барлық мемлекеттік құжаттар.

2) Y2K-проблемасы бойынша әдістемелік нұсқаулар;

3) Y2K-проблемасын, мысалы, BIOS, RTS және проблемалардың бар-жоғын тексеретін Check 2000 PC бағдарламалық өнімді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін құрал-саймандардың тізімі;

4) Пайдаланылатын өнімдердің тізімі және өндірушілердің өтінімі мен

басқа да ақпараттық көздерге сүйене отырып 2000 жылдан бастап олардың берген келісімі;

5) Алдағы болатын оқиғалар, мысалы, өткен оқиғалар туралы семинарлар, жиналыстар және есептер немесе ақпараттар туралы хабарландырулар;

6) Y2K-ге жататын Web-site-ге сілтеме;

7) 2000 жыл проблемасы бойынша сұрақ-жауап.

4. Семинарлар

1. 1998 жылдың қыркүйегінде ТМД елдерінің қатысуымен Алматы қаласында Бүкіләлемдік банктің аймақтық семинары өтті.

2. Бірінші республикалық семинар Астана қаласында 1999 жылдың 23 шілдесінде болды. 2000 жылдың проблемасын қозғайтын жекелеген мәселелер бойынша ресми адамдар сөз сөйледі және баяндамалар жасалды.

Семинардың жоспарына сәйкес төрт секция жұмыс істеді:

а) "2000 жылдың проблемаларын" шешудің техникалық аспектілері";

Ь) "Қаржы-банктік жүйесіндегі 2000 жылғы проблема";

с) "Энергетика, көлік және коммуникациялардағы 2000 жылғы проблема";

д) "Әлеуметтік сала".

5. Брошюралар

Арнаулы аудиторияларға ақпараттарды жеткізуге арналған, мысалы, шағын бизнес, офистік жабдықтар (ксерокстер, ПК, телефон жүйелері, факстер және т.б ) бойынша Ү2К ақпараттарымен брошюраларды шығару жоспарлануда. Брошюралар, сондай-ақ ақпарат көзі ретінде web-site мекен-жайын орналастыру үшін пайдалы.

6. Ү2К Ыстық торап

Құзыретті орталықтың ресурстарын пайдалану үшін Құзыретті орталықтың сарапшыларымен ыстық торап толық жұмыс күні (08.30 - 17.00) жұмыс істейтін болады . Сұрақтар кітапқа енгізіледі, мүмкіндігінше жауап таз арада қайтарылады, сондай-ақ біршама жиі қойылатын сұрақтар бойынша да база құрылатын болады. Ол web-site-де жұмыс істейді. Тез арада жауап алынбаған сұрақтарға берілетін жауаптың мөлшерлі уақыты - 24 сағат.

6. Мемлекеттік мекемелерді, Комиссияның Жұмыс органын, Құзыретті орталықты, ақпараттандыру процесін үйлестіру жөніндегі Комиссияның функциялары

1998 жылдың 31 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1384 P981384_ қаулысымен мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану, деректерді ақпараттық алмасудың халықаралық стандарттарын енгізу, мемлекеттік мекемелерде ақпараттандыру жүйелерін құру және енгізу процесстерін үйлестіру мақсатында сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 шілдедегі N 715 P990715 _ қаулысымен бекітілген Бірыңғай ақпараттық кеңістікті құрудың тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Мемлекеттік мекемелердегі ақпараттандыру процесстерін үйлестіру жөніндегі комиссия құрылды.

"2000 жылдың басынан бастап ақпараттандыру жүйелерінің жұмыс істеу проблемалары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне материалдарды әзірлей отырып" Комиссияның міндеттерін, сондай-ақ "мемлекеттік тілде ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу процесстерін үйлестіру" міндеттерін толықтыра отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда көрсетілген қаулысына Қазақстан Республикасының Үкіметі 1999 жылдың 2 наурызында өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Одан басқа, осы өзгерістермен Комиссияның Жұмысшы органының функциялары өзгертіліп, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Қаржы жүйесін ақпараттау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жүктелді.

Мемлекеттік мекемелердегі ақпараттандыру процесстерін үйлестіру жөніндегі комиссия 1999 жыл ішінде сұрау салу тәртібімен мемлекеттік атқарушы органдарының ақпараттық жүйелерінің тығыздылық жүйесін зерттеу бойынша бірқатар жұмыстарды жүргізді және министрліктер мен ведомстволардың нақтылауына орай түзетілетін деректер базасын қалыптастырды. Осы жұмыстардың нәтижелері бойынша,

мемлекеттік органдардың автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің және ақпараттық технологиялардың басқа компоненттерінің 2000 жылға арналған проблемаларға сәйкестігіне арналып "Ақпараттық технологиялардың 2000 жылға сәйкестігі проблемаларын шешудің кейбір мәселелері туралы" 1999 жылғы 13 мамырдағы N 572 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы шығарылды.

Осы қаулыға сәйкес Автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің және ақпараттық технологиялардың басқа компоненттерінің 2000 жылға сәйкестігіне арналған сынақтарды жүргізу әдістемесі бекітілді. Орталық атқарушы органдарға және Қазақстан Республикасының өзге де органдарына, оларға бағынысты органдарға, жергілікті атқарушы органдарға және оларға бағынысты органдарға Әдістемеге сәйкес ақпараттық технологиялардың 2000 жылға сәйкестігі проблемасын шешу жөніндегі шаралардың жоспарын әзірлесін, бекітсін және ұсынсын және тез арада оны іске асыруға кіріссін.

Мемлекеттік мекемелердегі ақпараттандыру процесстерін үйлестіру жөніндегі іс жүзіндегі комиссия 2000 жылдың проблемасы бойынша ұлттық Үйлестіруші функцияларын іске асырады. Техникалық мәселелердің жауаптары, хабардарлықты арттыру деректерді жинау мен талдау Y2K прогресі бойынша есептерді әзірлеу тарату үшін жұртшылықпен байланысты оларға тиісінше қамтамасыз етеді.

Комиссияның Жұмысшы органы семинарлар ұйымдастыруы (Хабардарлықты және Ақпараттарды таратуды қара), бұқаралық ақпарат құралдарына және web-site (http://y2к . minfin. kz) қолдау үшін материалдарды әзірлеуі тиіс. Ол сондай-ақ, Ақпараттандыру процесстерін үйлестіру жөніндегі комиссияның бекітуі үшін есептердің нысандарын әзірлейді және бекітілген нысандардың таралуына жауап береді. Сондай-ақ, Комиссияның Жұмысшы органы үйлестіру тәсілдері және министрліктер арасындағы ынтымақтастық туралы ұсынысты енгізеді. Комиссияның Жұмысшы органы қатерді талдау әдістерін жасау жөніндегі жұмыстарды, ПО үшін тестілеуді және ИС бағалау бойынша консультацияларды өткізудің тетіктерін сертификаттауды жүргізуі мүмкін.

Комиссия Y2K-проблемасын шешу үшін мемлекеттік мекемелерде ақпараттық жүйені зерттеу жөнінде бірнеше құжаттар мен түрлі материалдарды әзірледі. Олардың бірі - түгендеу сұрақ-жауабы, оны толтыру үшін барлық министрліктер мен ведомстволарға жіберілді, түгендеу жөніндегі дерек базалары құрылды. Бұл база Y2K шешуде прогрессті өлшеуді бастауға болатын бастапқы жағдайды айқындайды. Мемлекеттік мекемелерде Y2K-жағдайын бастапқы шолу негізінен орындалды. Комиссияның Жұмысшы органы, одан кейін әр айдың оны күніне респонденттерден жаңа деректерді ала отырып бастапқы жағдайдан прогрессті қадағалай алады.

Прогрессті айқындау үшін де және күш жұмсағысы келмейтіндерді ынталандыру үшін де кесте түрінде, министрліктер бойынша есептер кезең-кезеңде немесе қажет болғанда әзірленеді және таратылады. Прогрессті іріктеу кезінде секторлар ұлттық инфрақұрылымды ұйымдастыруда жоғары тәуекелмен айқындалуы және бақылануы,

шешім қабылдайтын адам да хабардар болуы тиіс.

Комиссияның Жұмысшы органы сондай-ақ, барлық министрліктер мен ведомстволардың байланыс жасайтын адамдарының тізімін жасайды және таратады ( мысалы, web-site-мен және брошюралармен). Бұл тізім ағымдағы проблемаларды ұйымдар арасында талқылау және бір-біріне ақпарат беру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Сондай-ақ, web-site-де жеткізушілердің тізімі мен шешімдердің провайдерлері жасалуы және орналастырылуы мүмкін.

Біршама танымал бағдарламалық өнімдер үшін Y2K-мен олардың келісімі бойынша ағымдағы мәліметтердің ақпараттық кестесі web-site-де және брошюралармен ұсынылады. Кейбір министрліктер мен ведомстволар үшін Құзыретті орталық тәуекелді бағалауды және оны болдырмауды, ресурстарды (қаржылық, адамдар құрамы және техникалық) бағалауды және төтенше жағдайларды жоспарлауды қоса алғанда, тәуекелді басқару жоспарын әзірлеуге көмек көрсете алады.

Y2K-проблемалық облыстарды қамтуға деген қалған уақыт шектеулі болғандықтан, Құзыретті орталықтың шешуші функциясы түрлі ұйымдарды төтенше жоспарлауға үйрету және бұл жоспарларды әзірлеу әдісі болып табылады. Төтенше жоспарлау ерекше жағдайларға бейімделуі тиіс, яғни жалпы үлгісі жоқ. Олай болғанымен, бейімделетін төтенше жоспарлауды әзірлеудің, түрлі нақтылы жағдайларда, қажетті жолдары бар. Осылайша, төтенше

жоспарлау құжатталуы және негізгі жолдары тізімделуі тиіс.

Қазақстанға арналған Y2K-келісім стандарттары да Британ институтының стандарттары сияқты әзірленген. "2000 жылға арналған даярлық" термині жұмысшы сипаттамасы мен жұмыс істеуіне 2000 жыл ішінде және одан кейін де ықпал ету күндерінің жоқтығын білдіреді. Төрт ережені бөліп көрсетуге болады:

N 1 ереже — Ағымдағы күннің ешқандай мәні жұмыста ешқандай кедергі тудырмауы тиіс.

N 2-ереже — Күндерді пайдалануға негізделген функциялар 2000 жыл ішінде және одан кейін де күндер үшін жүйелі орындалуы тиіс.

N 3-ереже — Ғасырдағы осы мәнді қайта өндірудің және сақтаудың барлық жүйелерінде кез-келген күн ашық және бір мәнді алгоритмдерді немесе қайта өндірудің ережелерін пайдалана отырып айқындалуы тиіс.

N 4-ереже — 2000 жыл кәбиса (високосный) жыл ретінде танылуы тиіс.

7. Оқып-үйрену

Оқып-үйрену бағдарламасының стратегиясы біріншіден, мұқтаждықты айқындауды қамтиды, олар туралы кейбір деректерді сұрақ-жауаптан алуға болады. Жеткілікті сараптама жүргізуге мүмкіндік жоқ жеп жазған ұйымдар үшін консультанттар түгендеуді жүргізуді жүзеге асыруға және Ү2К мен басқа аспектілер және Ү2К-проблемалары бойынша жобаларды басқаруды оқып-үйрену үшін ұйымдастыруға қатысуға көмектеседі.

Қыркүйек-қазан айларында консультанттарға оқу семинарларында,

түгендеу жүргізуде, ИС тестілеуді және басқа ағымдағы мәселелерді шешуде көмек көрсетілетін болады.

Министрліктер мен ведомстволар бойынша күрделі салалар үшін таяу және алыс шетелдерден консультанттарды жалдау көзделуде. Осы мәселелер бойынша Мемлекеттік мекемелердегі ақпараттандыру процесстерін үйлестіру жөніндегі комиссияның Жұмысшы органына ("ЦИФС" РМК Астана қ. Республика даңғылы 60, тел. 34-33-13) өтінім жасау керек.

## 4-Тарау. 2000 жылдың проблемасына байланысты тәуекелдерді басқару (Әдістемелік аспект)

### 8. Түгендеу, блиц-сауал

Министрліктер мен ведомстволар, мемлекеттік басқарудың аймақтық органдары бірінші кезекте өздерінің министрліктерінде, ведомстволарында, өздерінің аймақтарының аумақтарында 2000 жылдың проблемасы туралы білетіндіктерінің дәрежесі жөнінде ұсыным алуы қажет. 2000 жылдың проблемасы бойынша қандай жобалар іске асыруға даяр екендігін анықтау. Осы мақсатта, әдетте, 2000 жыл проблемасының әсеріне ұшыраған, инфрақұрылым элементтерінің тізбесін жасауға мүмкіндік беретін толық көлемді түгендеу жүргізіледі (қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету; жүйелік, аппараттық қамтамасыз ету; қондырылған жүйе және т.б.). Министрліктерге және ведомстволарға бағынысты немесе аймақ аумағында әрекет ететін барлық кәсіпорындар мен ұйымдарды тарта отырып, көрсетілген тізбе сұрақ-жауапты толтыру, сауалнама жүргізу және деректерді жинаудың басқа әдістерін пайдалану барысында деректер негізінде қалыптастырылады.

Қазір толық көлемді түгендеуді немесе әсіресе, мұның алдындағы жасалған жұмыстар нәтижелі болмаған жағдайда, осы жұмысты қайта жандандыруды жүргізуге тым кештік етеді. Осылайша, түгендеу процессі негізінен аяқталмаған барлық аймақтарда, ал оның нәтижелері, олардың негізінде барынша дәл және сенімді деп саналмаса блиц-сауал деп аталатын әдіс пайдаланылады (төмендегіні қараңыз). Толық нәтижеге жету үшін блиц-сауал әдісі қаражат пен уақытты барынша аз жұмсай отырып пайдаланылуы мүмкін.

## Блиц-сауалды ұйымдастыру

Аймақта блиц-сауалды өткізу үшін бірнеше стратегиялық маңызды қоғамдық және экономикалық өмір саласында әрекет ететін ірі ұйымдардың тізбесін жасау және олардың әрқайсысының өкілдерімен әңгімелесу қажет. Әңгімелесу барысында 2000 жылдың проблемаларының орын алып отырғандығы және әдістері, 2000 жылға әзірлік жөніндегі шаралардың сипаты және қамту туралы хабардарлықтың деңгейі анықталады . Мұндай әңгімелесулер көп

өткізілген сайын алынған деректер негізінде біршама дәл көрініс қалыптасады.

Әңгімелесуге қатысу үшін олардың қалыпты жұмыс істеу қабілеті бірден және кенеттен төмендеген жағдайда аймақтық экономиканың жалпы жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін ұйымдарды іріктеу керек. Жиі кездесетін бірнеше мысалдарды келтіреміз:

- Энергиямен жабдықтайтын кәсіпорын
- Жылу электр орталықтары
- Көлік ұйымдары (әуе тораптары, теміржолдар)
- Телекоммуникациялық кәсіпорындар
- Ірі өнеркәсіп кәсіпорындары
- Ауруханалар
- Коммерциялық банктер
- Салық органдары
- Зейнетақылар мен жәрдемақыларды есептеуге және төлеуге жауапты әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдары
- Мемлекеттік сектордың қызметкерлеріне жалақыларды есептеуге және төлеуге жауапты ұйымдар.

Әдетте, мұндай ұйымдар өздерінің қызметтерінде ақпараттық технологиялар мен қондырылған жүйелерді пайдаланбаған және бөгде ұйымдардан ақпараттардың түсуіне тәуелсіз болған жағдайларда мұның дұрыстығына көз жеткізу үшін оларды

блиц-сауалға енгізіледі.

Әңгімелесуді жүргізу жөніндегі топ

Блиц-сауалды жүргізу үшін мүшелері әңгімелесуді жүргізуге тиісті арнаулы топты құру және әзірлеу, сұралатын ұйымдардың тізбесін әзірлеу (мұның алдындағы бөлімді қараңыз) және мұндай тізімге енгізілген әрбір ұйыммен кездесуді тағайындау қажет.

Әңгімелесуді жүргізу жөніндегі топ арнаулы даярлықтан өткен және қандай ақпаратты алу қажеттілігін және бұл үшін қандай әдістерді пайдалануға болатындығын білетін бір немесе одан да көп мүшеден құралуы тиіс. Топ мүшелерінің саны тізбеге енгізілген ұйымдардың санына және топ алатын уақыт санына тәуелді болады. Әдетте, бір әңгімелесуді жүргізуге оларға қанша топ қатысқанына тәуелсіз бір жарым сағат жұмсалады. Бұл орайда, топ мүшелері оларды қызықтыратын мәселелерді, әсіресе, олардың әлі жеткілікті практикалық жұмыс тәжірибесі жоқ, сауал жүргізудің бірінші кезеңінде толық қамту мақсатында өздерінің күштерін біріктіре алады. Мұндай тәжірибенің жинақталуына орай топ мүшелері дербес әңгімелесу жүргізе және олардың нәтижелері бойынша есептер жасай алады.

Әңгімелесуді жүргізу тәртібі

Әңгімелесуді жүргізудің басты мақсаты сол немесе өзге ұйымның 2000 жылға әзірлік дәрежесін айқындау болып табылады. Әңгімелесу барысында көтерілетін мәселелер өзіне мыналарды: 2000 жылғы проблема туралы хабардарлықтың дәрежесін, оны шешу жөніндегі басқару және жоспарлау шараларын, ілеспе тәуекелдерді бағалауды, оларды бейтараптандыру шараларын, бөгде ұйымдармен жасалатын байланысқа тәуелділікті, 2000 жылға әзірлік бағдарламасының жағдайын (егер мұндай орын алса), 2000 жылдың бағдарламасын шешуге арналып бөлінетін іс жүзіндегі және/ немесе болжамданған ресурстардың көлемін қамтиды.

Әңгімелесуді жүргізуге арналған кездесуді тағайындай отырып Сіздерді техникалық мәселелер емес басқару мәселелері қызықтыратындығын және сұрау жүргізілетін ұйымның жоғары буын басшылары: президенті, бас менеджері, Басқарма төрағасы ұсынуы тиістігін анық білдіру керек.

Әңгімелесуге ақпараттық технологиялар бөлімінің бастығы қатысу керек деп саналғанымен, бұл пікір, әдетте, іс жүзінде сәйкес келе бермейді. Алайда, оның әңгімелесуге қатысуы, тек басшының аға консультанты ретіне ғана барынша пайдалы болуы мүмкін. Сонымен қатар, егер компьютерлік орталықтың жетекшісі 2000 жылғы проблема бойынша ақпараттардың барлық көлеміне толық иелік ететін бірден-бір тұлға болып табылса, бұл кәсіпорынның немесе ұйымның жоғары басшысы проблеманың қаншалықты маңызды екендігін түсінбейтіндігін немесе жете көңіл бөлмейтіндігін білдіреді және әңгімелесу барысында бұл мәселені жеке талдау керек.

Кез-келген әңгімелесу топ мүшелерін таныстырудан және кәсіпорынның немесе ұйымның басшысымен кездесуге өтінім жасауға итермелеген себепті түсіндіруден

басталуы тиіс. Одан кейін кәсіпорынның/ұйымның өкілдері 2000 жыл проблемаларын шешу қажеттілігіне байланысты олардың қолданып жатқан әрекеттерін айтады (бұл орайда, топ мүшелері жетекші сұрақтар беруіне болады).

Сұрақтар кәсіпорынның/ұйымның ерекшеліктеріне байланысты түрлендіріліп қойылуы мүмкін. Мысалы, өндірістік кәсіпорындарда қондырылған жүйелерге мән берілсе банктерде ақпараттық жүйелерге көңіл бөлген орынды.

Әңгімелесуді жүргізудің мақсаты 2000 жылдың проблемасына байланысты сол немесе өзге ұйым ұшырауы мүмкін тәуекелдің дәрежесін бағалау және осы тәуекелді бейтараптандыру жөніндегі жұмыстардың басым бағыттарын айқындау үшін алынған ақпараттарды пайдалану болып табылады. Тәуекелдің дәрежесін бағалау аймақтық тепе-теңдіктерді ескере отырып жүргізілуі тиіс. Әзірлікті бағалау 2000 жылдың проблемасын осы ұйым қаншалықты сезінетіндігін және оның қызметіне барынша ететін ықпалын, сондай-ақ қолда бар ресурстарды терминдік бөлуде, жаңа мың жылдық басталғанға дейін қалған уақытты пайдалануда бұл проблеманы шешу бағытында ол қаншалықты тиімді жұмыс істеп отырғандығы және техникалық құзыреттілігі ескертіле отырып жүргізілуі тиіс.

Аймақтың қаржылық жағдайына ықпал етуді талдау 2000 жылдың проблемасымен туындайтын тәуекелге талдау жасау негізінде аймақтың қаржылық жағдайына осы проблеманың барынша ықпал ету дәрежесін айқындауға болады. Көптеген жағдайларда сол немесе өзге саланың барлық кәсіпорындарының басшыларымен әңгіме жүргізу мүмкін бола бермейді, сондықтан іс жүзінде жүргізілген әңгімелесу барысында алынған жекелеген кәсіпорындардың (әсіресе қондырылған компьютерлік чиптер мен бағдарламалық қамтамасыз етуге қатысты) тиісті шығыстарының көлемі жөніндегі мәліметтердің растығы туралы белгілі-бір пікірді қалыптастыру керек.

Сондай-ақ, мыналарды атап айту қажет:

- Іс жүзінде өткізілген әңгімелесулер көп болған сайын нәтижесі де соғұрлым дәл болады;
- Салаларды 2000 жылға даярлау жөніндегі шығыстардың жалпы сомасын есептеу барысында әңгімелесуді ұйымдастырудың сәті түспеген кәсіпорындарды назарға алу қажет;
- Тиісті жұмыстардың құнын қандай да бір бағалаудың болмағанынан гөрі "шала" есептің болғаны дұрыс деп саналғандықтан, есептердің шамамен алынған сипатынан қысылмау керек.

Сондай-ақ, әңгімелесудің топтамасы барысында алынған деректер негізінде мемлекеттік басқарудың аймақтық органдары аймақтағы істің жағдайына алдын-ала талдау жасауды шұғыл жүргізе және ерекше көңіл бөлуді талап ететін салаларды және қажетті қаржыландыру көлемін белгілей алатындығын атауға болады.

Оперативтік талдаудың және болжамдық бюджетті жасаудың пайдалылығының айқындығына қарамастан іс мұнымен шектелмейді.

Осы құжатта бірнеше рет атап көрсетілгеніндей 2000 жылдың проблемасымен туындаған тәуекелді басқарудың ресми стратегиясын жоспарлы және сабақтас сипатта әзірлеу қажет. 2000 жылға даярлық жөніндегі штаб тиісті шаралардың аймақтық жоспарын жасайды және өмірге енгізеді, аймақтық экономиканың басым бағыттарын түгендеу негізінде істің жағдайына егжей-тегжейлі талдауды жүргізеді, сондай-ақ туындайтын төтенше жағдайларға арналған іс әрекет жоспарын әзірлейді.

Бұл маңызды мақсатқа қол жеткізу үшін қолда бар барлық ресурстарды кідіріссіз іске қосу қажет, өйткені соңғы мерзім нақтылы айқындалған және ол барынша таяп келеді. Қазір біз үшін уақыт - ымырасыз жау!

Қандай тәсіл (толық түгендеу немесе блиц-сауал) қолданғанына тәуелсіз, тиісті шаралардың басты мақсаты аймақтың жағдайына және олардың өздерінің дамуына басым міндеттерді орындауына маңызды ықпал ете алатын, біршама көп тәуекелмен жүйелерді анықтауға арналған жеткілікті көлемін жинау болып табылады. Мемлекеттік басқару органдары толық түгендеу әдісін пайдаланған жағдайда барлық қажетті деректерді иеленуі, ал блиц-сауалды барлық ведомстволарға (аймақтарға) экстраполяциялауды қажет ететін тек ішінара деректермен жүргізген жағдай бірден-бір айырмашылық болып табылады.

## 9. Деңгейді бағалау және тәуекелдерді реттеу

Бұл қадам ағымдағы жағдайы 2000 жылға даярлық талаптарына сәйкес келмейтін және қажетті түзетулер уақытылы енгізілуі мүмкін, қызметтің өмірлік маңызды салаларын қамтамасыз ететін (олардың үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, олармен байланысты барлық қосалқы компоненттерді қоса алғанда) жүйелерді ашу және іріктеу болып табылады. Егер, 2000 жылдың проблемасын толық бейтараптандыруға қолда бар ресурстар мен уақыт жеткіліксіз болса, осы ресурстарды барынша қайтарымдылықпен

пайдалану туралы шешім қабылдау қажеттілігі туындайды. Сондықтан да, аймақтың өмір сүру көзқарасы тұрғысынан қарағанда біршама маңызды және табысты нәтиженің ықтималдығы біршама жоғары бағыттарға негізгі күшті жұмылдыру маңызды.

Халықаралық тәжірибеге негіздей отырып тәуекелді реттеуде тәуекел деңгейін есепке алуға арналған нысан бойынша жүзеге асыру ұсынылады:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Тәуекел | өткізу (әсер ету | әсер ету | | әсер ету |
| деңгейі | Ықтималдылығы х уақыты | + түрі | + | көлемі) |

бұл орайда санаттардың (туынды) әрқайсысы бағалау деңгейінің мынадай деңгейлерінің бірімен айқындалады:

| Бағалау деңгейі | Санаттар (туынды) | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Өткізу ықтималдығы | Әсер ету уақыты | Әсер ету түрі | Әсер ету көлемі |
| 1. Төмен | | | | |
| | 50% | 1.1.2000 ж. кейін 1 апта ішінде | Экономика салаларының қалыпты жұмыс істеуіне төнген қатер | Экономикада (өндірісте, коммерцияда) апаттық жоғалтулар |
| 4. | 100% немесе айқындау мүмкін емес | 1.1.2000 ж. дейін немесе кейін | Денсаулыққа, қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсері | Өмірге, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға төнген қатер |

Мынадай практикалық ұсынымды қалыптастыруға болады:

- бірінші кезекте ең үлкен тәуекелге ұшыраған және өмір сүрудің ең жоғары ықтималдығын бір мезгілде сипаттайтын біршама маңызды компоненттері қарастырылады;
- қолайлы нәтижені айтарлықтай мүмкіндігі жоқ болғанда ресурстардың ысырапты шығынына жол берілмейді;
- өз мүмкіндіктерін бағалауға шыншылдықпен: барлығын құтқарып қалуға тырысу, барлығын жоғалту мүмкіндігі тұрғысынан қарау.

Осы негізде қызметтің басым бағыттарын айқындауға және 2000 жылға даярлық жобаларының қайсы біріне - қолданылып жүрген жүйені жолға қоюға бағытталған немесе төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда баламалы нұсқалар мен әрекет ету жоспарларын әзірлеу үшін бағытталған жобаларға қатысты шешім қабылдау керектігіне бірінші кезекте "жол ашу" мүмкіндігін айқындауға болады.

## 10. Анықталған проблемаларды жеңіп шығу стратегияларын әзірлеу

Тәуекелді ашу және салыстырмалы талдау бойынша қажетті шаралар өткізілгеннен кейін 2000 жылға әзірлік Штабы өздеріне жүктелген функцияларды толық көлемде орындауға кедергі жасауы мүмкін ұйымдарға қолда бар ресурстарды ашу және проблемаларды жою жоспарын жасау мақсатында біршама көп тәуекелге ұшыраған ұйымдармен бірлескен жұмыстарды жолға қоюы тиіс. Басым бағыттар мен жүйелік компоненттердегі мұндай проблемалардың нақтылы стратегияларын әзірлеу және іске асыру қажет. Мұндай стратегиялардың бірнеше негізгі алуан түрлері орын алған:

- Модификация - негізгі сипаттамаларды және компоненттерді сақтай отырып қолда бар жүйелер мен компоненттердің функцияларын (түрлі қондырғыларда пайдаланылатын функцияларды енгізуді, бағдарламалық қосымшалардың пайдалануға арналған функцияларын, жеткізушілермен жұмыс істеудің келісімшарттары мен ережелерінің шарттарын) 2000 жылға даярлық талаптарына сәйкес келтіру. Одан басқа, деректер мен жүйелер арасындағы және/немесе түрлі жүйелер арасындағы қатар түзетуді қамтамасыз етуге арналған Windowing ("терезелік" орталықтың) мүмкіндігін іске қосуға болады.
- Ауыстыру - функциялардың потенциалдарын және іріктеуді дамыту мен іріктеуге бір мезгілде әкелуі мүмкін, 2000 жылға даярлық талаптарына толық сәйкес келетін жаңа компоненттермен ауыстыру.
- пайдаланудан шығару - пайдаланылмаған, артық және т.б. компоненттерді қайта монтаждау.

Жобаны әзірлеу барысында 2000 жылға әзірлік Штабы қажетті ресурстарды ( қаржыландыру, персоналдар, аппараттық қамтамасыз ету) бөлуді қамтамасыз етуі және белгіленген мерзімдердің сақталуын тұрақты бақылауы, әрбір жобамен (іске асыру графигі бұзылған жағдайда) қайта өндірілетін факторлармен және тәуекелдермен тежелетін даму динамикасын, сондай-ақ жобалау шараларының жалпы іске асыру барысын қадағалауы тиіс. Барлық жобалау тапсырмаларының толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету үшін басымдықтарға, тежелулерге, ресурстарға және тәуекелге талдауды кезең-кезеңде қайталап жүргізу және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізу керек:

Бұл орайда мынадай сәттерді назарға алу керек:

Төтенше жағдайлардың пайда болу ықтималдығын бағалау Жаңа мың жылдық басталғанға дейін өте аз уақыт қалды және компьютерлік жүйелерді тыңғылықты тестілеу ғана емес, жалпы қандай да бір тестілеу жүргізуге уақыттың жетіспеушілігі жоғары. Даму жағдайларының мүмкін сценарийлеріне талдауға мемлекеттік басқару органдары неғұрлым ерте кіріскен сайын, іс-қимылдың баламалы және төтенше жоспарларына көңіл бөлудің, ашудың және әзірлеудің ұқсас әдістерін жасауға олардың

мүмкіндіктері соғұрлым жоғары болады. Бұл өмір сүру жүйесі жұмыс істеуінің үздіксіздігіне кепілдік береді және болашақта қажетті тестілеуді аяқтайды.

"Уақыттың көшуі" сәтіне іс-қимылды жоспарлау "Уақыттың көшуі" термині 1999 жылдың желтоқсанында қалыпты жұмыс істеген және 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап штаттан тыс режимде жұмыс істеген аралық кезеңді білдіреді.

Уақыттың көшуіне әзірлік мүмкін кедергілердің аумағын бағалауға (столға қоятын компьютерлерді, серверлерді, мэйнфреймдерді, коммуникациялық, көмекші жабдықтарды және т.б. ескергенде), деректерді резервтеу жоспарларын әзірлеу, бақылау тізімдерін, 2000 жылдың 1 қаңтарындағы жүйелердің жұмыс істеуін тексеру графигін және тиісті есептерді беру тәртібін жасауға негізделген - қысқасы, әңгіме, төтенше жағдайлар пайда болғанға дейінгі іс-қимылдың ұзақ мерзімді жоспарын іске асырғанға дейін жүргізілуі қажетті алғашқы шаралар туралы болып отыр.

Қондырылған жүйелерді тестілеу

Қондырылған жүйелерді тестілеуде, көптеген жағдайларда, мүдделі ұйымдардың қатардағы қызметкерлерінің бойында жоқ дағдыларды талап етеді. Мұндай жағдайларда, жабдықтарды жеткізушілер мен бөгде консультанттардың тарапынан көрсетілген қолдау баға жетпес мәнге ие болуы мүмкін. Осыған байланысты, әсіресе мұндай жеткізілімді шетел компаниялары жүзеге асырған жағдайда жабдықтарды жеткізуге, әсіресе, 2000 жылға даярлық талаптарына

сәйкес келмейтін электрондық жабдықтарды тестілеуге көмек көрсету туралы талаптарға консультациялық қызмет көрсетуге арналған келісімшарттар жасасуға міндетті тәртіпте келісу керек.

Барлық қатерлі күндерге бақылау

2000 жылға әзірлік контексінде бұрынғылардан жиірек еске алынатын 1 қаңтар күніне қарамастан кейбір жүйелердің қызметі қатарынан бірқатар күн басталғанда істен шығуы мүмкін екендігі туралы өздеріне есеп беруі керек.

11. 2000 жылдың проблемасын шешу жөніндегі жобаларды іске асыру әдісі

2000 жылдың проблемасы жолдарының және шешудің қиындығы оның кең ауқымға ие болғандығына, бірақ уақытпен және ресурстармен шектелетіндігіне негізделген. Бұл жерде жағдайды қалпына келтіруде көптеген қажетті әрекеттерді орындауға бақылау үшін құрылымдық тұрғыдан келу таптырмас әрекет болып табылады.

Кең таралған үлгі негізгі бес фазаны ұсынады:

- Хабардарлық деңгейі
- Бағалау

- Жаңарту
- Тестілеуді жолға қою
- Іске асыру немесе интеграция және болжамды аяқтауға қол жеткізу.

Құрылымдық әрекет ету тәжірибені шоғырландырудан ұтыс бере білім беру процессін жеделдете, қарым-қатынасты жеңілдете, жоспарлауды жақсарта және жалпы ұмтылыс пен жоба сапасына кепілдік бере отырып бастаманың мақсаттылығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

2000 жылдың проблемасының әрбір жобасының үш саласы бар және мыналарға: ақпараттық жүйеге, қондырылған жүйелерге және сыртқы тәуелділікке бағытталған. Осыларға негізделе отырып:

- ақпараттық жүйелермен байланысты жүйелердің компоненттерін бағалау және басқару үшін ақпараттық технологиялар бойынша мамандар;
- қондырылған жүйелерге байланысты проблемалардың компоненттерін бағалау және басқару үшін электроника бойынша инженерлер;
- тәуелділіктің барлық сыртқы қатынастарын бағалау және басқару үшін жергілікті атқарушы орган, заң және коммерциялық персонал қажет етіледі.
- 2000 жылдың проблемасы бойынша әрбір жоба жекелеген жобалармен емес, тұтастай алғанда функцияларды түзетуге арналуы тиіс. Сондықтан әрбір басшы жалпы мақсатқа сәйкес түрлі жобаларды үйлестіруге, теңестіруге және сәйкестендіруге жауап беруі тиіс. Жобалар арасында білікті мамандармен алмасу ұсынылады.

5 фазалы әрекет - 2000 жылдың проблемасы бойынша базалық торап екендігін ескеру керек. 2000 жылға дейінгі қалған уақытты, адамға қолайлығын, қаржылық және техникалық ресурстардың қолайлығын, орын алып отырған бастамалардың жылжу және қатерлі нүктелердің дәрежесін ескере отырып, жетекші жобалардың бір мезгілдегі көп көлеміне басшылық жасау

болашағын ескере отырып, базалық тораптарға қарағанда өзіне тән сценарийін жасауды талап етеді.

Осы мақсатта әлемдік тәжірибенің соңғы деректеріне сәйкес түрлі жобалардың әрбір фазасының көлемі туралы ұғымды беретін сандармен жобалардың графиктеріне базалық салыстыруды жүргізу ұсынылады (төмендегіге қараңыз):

| Хабардарлықтың дәрежесі | Жаңарту |
| --- | --- |

Түгендеу/бағалау Іске асыру

1% 25% 20% 45% 9%

2000 жыл жобасының графигі

1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін нәтижеге қол жеткізу тәсілі;
баламалы шешімдерді іздеу немесе төтенше жағдайларды жоспарлау үшін уақыттың болуы, және осы баламаларды іске асыру үшін уақыттың болуы.
Осылайша, базалық графиктен кез-келген маңызды өзгеріс:
жоспарға сәйкес жұмыстарды жалғастыру;
жоспарды қайта қарау (ресурстарға деген қосымша қажеттілік немесе қолда бар ресурстарды қайта бөлу);
жүргізіліп жатқан жұмыстарды тоқтату және баламалы жолды таңдау немесе туындайтын төтенше жағдайларға арналған шараларды жоспарлау туралы шешім қабылдау үшін бағалануы тиіс.

Сондай-ақ, жоба аяқталатын кезде тағайындалатын соңғы мерзімнен міндетті түрде кері жоспарлануы тиіс.

Ғасыр соңы таяп қалғандықтан тапшылық сценарийінің мүмкіндігін ескеру қажет, 1999 жылдың 31 желтоқсанының жұмасына дейін және одан кейін бірнеше күн қоғамдық секторда да және жеке секторда да кез-келген белсенділікті ең аз деңгейге дейін қарастыру мүмкіндігін ескеру керек. Белсенділіктің төмендеуі талап етілетін ресурстар жоспарында ұлттық инфрақұрылымға қысымды: кем энергияны, кем коммуникацияны, кем көлікті, кем өндірістік тораптармен қамтамасыз ету қажеттілігін немесе бөлшек сауда тізбегін, кем қаржы операцияларын және т.б. білдіреді. Төмендетілген белсенділік тапшылық жағдайымен жақсы күресуге мүмкіндік беруі және қажет етілетін персоналдардың барынша қолайлылығына ықпал етуі тиіс. Бұл 2000 жыл проблемасының ұлттық жоспарлау бойынша күш жұмсаудың маңызды бөлігі болып табылады.

## 12. Төтенше жағдайлар туындаған жағдайға арналған іс-қимылдарды жоспарлау

2000 жылдың проблемасын шешу мүмкін болмайтын бірнеше жағдай орын алған: көлемін және мәселенің орындалу күрделілігін ескергенде бағдарламаны іске асыру графигі тым күрделі болуы мүмкін, жүйелердің жұмыс істеуіне айтарлықтай ықпал ету үшін проблеманың өзі жеткілікті маңызы бар ретінде қабылданбауы мүмкін, қолда бар ресурстар ұқсас болмауы мүмкін, басқа мәселелер біршама басым мәнге ие болуы мүмкін және т.б. Сонымен қатар, егер проблемаларды шешу принципті мүмкін

болғанның өзінде де, төтенше жағдайлар пайда болғанда барлық күтпеген жағдайларға әзір болу үшін іс-қимыл жоспарын даярлау қажет.

Жаңа мың жылдықтың басталуына өте аз уақыт қалғанын ескере отырып төтенше жоспарлау 2000 жылдың проблемасына байланысты тәуекелдерді басқарудың кез-келген стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болады. Мұндай жоспарлаудың мақсаты халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін және жекелеп алғанда әрбір аймақтың, ведомствоның экономикалық қолайлығын үздіксіз қамтамасыз ету болып табылады.

Өмір сүруді қамтамасыз ететін жүйелерді қолмен басқаруға көшуді көздейтін төтенше жоспар автоматтандыру дәрежесі ең аз болған жағдайда ғана қолайлы болады. Ақпараттарды қолмен өңдеу тек қысқа мерзімге ғана рұқсат етілгенімен, қысқа мерзімді перспективамен төтенше жоспарларды іске асыру мүмкіндігін көздеу керек. Одан басқа, мынадай мәселелерді: кәсіпорындарды жабдықтауды ұйымдастыруды және барлық қажетті бланкілермен және нысандармен жабдықтауды ұйымдастыруды; ақпараттарды автоматтандырылмаған әдістерді пайдалану кезеңінде еріксіз ұзарту жағдайында іс-қимыл тәртібін ойластыру қажет.

Кейбір салаларда өмірлік маңызды өнімдер мен қызмет көрсетулердің қажетті ең аз көлемін қолдау бойынша шараларды көздеу қажет. Мысалы, канализация мен суды тазарту жүйелерінде үзіліссіз жабдықтау мен химиялық заттарды сақтаудың штаттық режимін сақтау. Сондай-ақ, азаматтардың кейбір санаттарының денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін жабдықтаудағы үзілістер болған жағдайларда кейбір медициналық препараттарды жеткізудің толық көлемін қамтамасыз ету керек. Өмірлік маңызды өнімдердің стратегиялық запастарын бірнеше апта ішінде үзіліссіз қамтамасыз етуді қолдау үшін жеткілікті көлемде қалыптастырылуы тиіс. Әрине, бұл үшін мұндай жеткізілімді қамтамасыз ететін компаниялармен келіссөздер жүргізу қажет. Осы жерде, стратегиялық запастарды сатып алу мен сақтауды ұйымдастыру үшін қаржылық ресурстарды бөлу мәселелерін қарастыру қажет. Жеткізушілер тарапынан кем дегенде құжаттық міндеттемелерге деген кепілдік беруі және тиісті шараларды өткізудің үлгілік регламентін жасауы қажет.

Жоспар 2000 жылға әзірлік жөніндегі шараларды біршама тиімді қамтамасыз ету мүддесінде ресурстарды қайта бөлу мүмкіндігін қарастыруы тиіс. Бөлінген уақыт пен қаржылық ресурстар тұрғысындағы шектеулер ескерілген көптеген жағдайларда, осы нұсқа ғана біршама өмірлік қабілетті болып табылады. Осы тектес шаралар бірінші кезекте төтенше жоспарлау контексінде қолданылатындығына қарамастан, 2000 жылға әзірліктің кез-келген басқа жоспарларын жасау процессінде жиі қолдануға болмайды. Мысалы, автоматтандырылған жабдықтар істен шыққан жағдайларда қандай да бір қызметтерді ұдайы көрсетіп отыруды қамтамасыз ету үшін адамдар жетіспеген жағдайларда қызметкерлерді уақытша қосымша жұмылдыру талап етілуі мүмкін, сондай-ақ, егер ресурстарды қайта бөлу кейбір ұйымдарда жиі қолданылуы мүмкін

болғанымен, басқа ұйымдарда бұл үшін персоналдарды алдын-ала даярлауды қоса алғанда, қосымша күшті талап етуі мүмкін. Кез-келген жағдайда, мұндай шараларда табысқа жету жоспарлау мен есепке негізделген, ал тиісті жоспарлар төтенше жоспарлау барысында ескерілуі тиіс.

Жекелеген әрбір ұйымдағы төтенше жағдайлардың туындауына арналған іс-қимыл жоспарымен ғана емес, мұндай жоспарлардың келісімдігімен де және тиімділігімен де қамтамасыз ету маңызды. Егер төтенше жоспарлау мәселелерін барлық мүдделі ұйымдар алдын-ала талқыласа осыған қол жеткізуге болады, ал халықтың денсаулығы мен тұрмысына жауапты жалпы мемлекеттік және аймақтық ұйымдардың қатысуымен талқыланған фактінің өзі мемлекеттік басқарудың аймақтық басқармаларына да және қатардағы азаматтарға да сенім ұялатады.

Кез-келген ұйым қызметінің жұмыс істеуі оны үзіліссіз электр энергиясымен жабдықтауға тәуелді. Кейбір жағдайларды ескере отырып, байланыс қызметтерін көрсету туралы да нақтылап айтуға болады. Сондықтан, төтенше жоспарлау процессі кезінде электрмен жабдықтау және байланыс жүйесі істен шыққан жағдайда қолданылатын барлық шаралар мұқият зерттелуі және тыңғылықты құжатталуы маңызға ие, бұл орайда, осы жүйелерді қалпына келтірудің қолайсыз жағдайында да бірнеше апта жұмсалуы мүмкін.

Олардың тоқтап қалған уақытында жинақталған деректерді өңдеу мен түзетуге көп жағдайда қосымша ресурстар талап етілетін болғандықтан өмір сүруді қамтамасыз ететін жүйелердің қалыпты қызметін жандандыру тәртібін ойластыру керек. Ақпараттарды алмасудың тікелей арналары бар болған жағдайларда, басқа ұйымдардың жұмысы осыған тәуелді болғандықтан, осы мәселелерді орындауға қажетті уақытты барынша қысқартқан орынды.

Төтенше жағдайлар пайда болғанда жасалатын іс-қимыл жоспарының кейбір тармақтары өндірістік процесстердің үзіліссіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге арналуы тиіс, ол шын мәнінде төтенше жоспарлаудың басты мәселесі болып табылады. Жоспарды мүдделі кәсіпорындардың, ұйымдардың және фирмалардың бірінші басшылары, сондай-ақ тұтынушылардың мүддесіне сай жасалғандықтан тұтынушылар мақұлдауы тиіс. Жоспарды іс-қимылға келтіру қажеттілігі жағдайында ресурстарды бөлу мәселелері туындайтын болғандықтан басшылардың мақұлдауы бірінші кезекте маңызды.

Төтенше жоспарлау ресімі өзгермелі болуы тиіс. Жоспарда барлық ықтимал төтенше жағдайлардың қарастырылатынын күту орынсыз болар еді, бірақ ол олардың басым бөлігін, аздаған өзгерістер енгізілгеннен кейін оны түрлі жағдайларда қолдануға болатындай етіп жабуы тиіс. Жоспар сондай-ақ, оны жұмыс жағдайында ұстау бойынша барынша аз күшті талап етуі тиіс: оны жасағаннан кейін, оны сөреге ысырып қойып, оның бар-жоғы туралы қаннен-қаперсіз ұмытуға болады деп ойлау орынсыз болар еді, бірақ жиі-жиі артық өзгерте беруге болмайды. Әдетте, төтенше жағдайлар

пайда болғанда жасалатын іс-қимыл жоспарына өзгерістер енгізу экономикалық өмірдің болмысы маңызды өзгергенде туындайды.

Төтенше жоспарлау тиімді, әрі аз шығын жұмсалуы тиіс. Сондай-ақ, оны

әзірлеуге, сүйемелдеуге және тестілеуге арналған шығындарды қаржыландыру көздерін қарастыру керек.

Төтенше жағдайлар пайда болғанда жасалатын іс-қимыл жоспарының тиімділігі үшін бірінші кезектегі міндеттердің тізімінің олардың орындалуына жауапты адамдардың тізбесінің және қажет болған жағдайларда оларды қалай табуға болатындығы туралы ақпараттың бар болуы маңызды. Бұл мәліметтерді жауапты қызметкерлердің ұйымнан кеткен кезінде жаңартып отыру қажет.

## 5-Тарау. Бақылау және есептілік

### 13. Бақылау және аудит

Ресми декларациялардың және кейінге қалдырылмайтын әрекетке шақыратын үндеулердің артында еңбек етуді қажет ететін бір міндет түр, ол компьютер жүйелерін және микропроцессорлармен қондырылған басқа жүйелерді шын мәнісінде тексеру және дайындау. Соншалықты уақыттың аз қалуы және шешімін таппай жатқан көптеген мәселелер жүйелердің қызметі үшін сыни назарда басымды орналастыру маңызды мән алады. Көптеген мемлекеттерде 2000 жылға әзірлік туралы есептемелік жүйесі құрылған. Мемлекеттердің көпшілігінде 1-ден 6 айға дейінгі аралықпен тұрақты есептілік беру туралы талап енгізілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 572 қаулысына сәйкес әрбір министрлік және мемлекеттік мекемелер айдың 10 күніне ай сайынға аралықпен 2000 жылдың проблемасы бойынша жұмыстардың жағдайы және орындалуы туралы есеп беруге тиіс. Министрліктер мен ведомстваларға әрбір 2 апта сайын есеп берудің жиілілігімен ведомстволық бағыныстағы ұйымдармен жұмыс істеуге ұсыным жасалды. Тек қана толық дайындыққа қол жеткізілген (енді есеп сұралмайтын) ұйымдарға немесе тікелей бақылауға алынатын ұйымдарға мүмкіндік беруге болады, өйткені сыни немесе жоғары қауіптілік (апта сайын есеп қажет етіледі) болып табылады.

Поштамен жіберген жағдайда жауаптың жіберілгенін растау үшін Комиссияның жұмысшы органына қосымша хабарласу керек.

Жеделдету мақсатында есепті тікелей Жұмысшы органға мына мекен-жай бойынша

жіберу ұсынылады: Астана қаласы, Республика даңғылы, 60, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қаржы жүйесін ақпараттау орталығы" (РМҚКР ҚМ ҚЖАО), Уақытылы жауап бермеген ұйымдардың тізімі тиісті шара қолдану үшін мемлекеттік мекемелерді ақпараттау процесстерін үйлестіру жөніндегі комиссияға берілетін болады.

## 14. Қадағалау және инспекциялау, Қазақстан Республикасының Үкіметіне есептілік

Елде (мемлекеттік сектор және жеке секторларды есептегенде) барлық Y2K жобаларының жайы туралы есептер әзірлікке, төтенше жоспарлауға, қаржы мәселелеріне жататын оқитын түрдегі ыңғайлы ақпарат болуға тиісті. Есептер әртүрлі аудиторияларды қанағаттандыру үшін нақтылаудың жеткілікті деңгейінде болуға тиіс.

Үкіметке есеп үшін ақпарат әртүрлі көздерден құралады.

Әзірліктің деңгейі туралы есеп үшін негіз болып түгендеу және мүмкіндігіне қарай әртүрлі ақпараттармен толықтырылып тұратын прогресс туралы ай сайын есеп бойынша деректілердің базасы болып табылады.

Министрліктердің, ведомстволардың және жергілікті атқару органдарының есеп пішімі N 5 қосымшада (1-4 кестелер) келтірілген.

Әрбір экономика саласы үшін жоғары органға есеп беруге тиісті ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың тізімі жасалуға тиіс. Кесте пішімі секторлар бойынша 2000 жылдың проблемалары жөніндегі жұмыстың жайына жедел шолуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Проблемасы жеткілікті облыстармен нақты танысу үшін кестелер бойынша жасалған қосымша құжаттарға кеңінен жол ашылуы тиіс.

Есептердің нақты іс жағдайына сәйкестігіне көз жеткізу үшін министрліктер мен ведомстволардың бірінде есептердің дұрыстығына инспекциялық тексеріс жүргізілуі мүмкін.

Әкімшіліктер экономика саласының жеке сектор топтамасында ақпарат береді.

2000 жылғы проблемасы бойынша жұмыс жағдайы жөніндегі есептер мынадай сұрақтарға жауап беруге ұйғарылады:

1) Басқарма органдары бойынша:

министрліктерде, ведомстволарда, жергілікті атқару органдарында және оларға бағыныстағы ұйымдарда, жеке секторларда басқару органы құрылған ба, жетекшісі кім болып табылады?

- жұмыс учаскесі бойынша жауапты атқарушылар белгіленген бе?

2) Қолданылған шаралардың мазмұны бойынша:

- ақпараттық жүйелерді және технологияларды түгендеу жүргізілді ме және түгендеудің нәтижелері қандай?

- компьютерлік жабдықтар, қондырғы жүйелер, бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі, қолданбалы ақпарат жүйесі бойынша түзету шаралары айқындалды ма және жүргізілді ме?

- ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жұмысына бақылау жасала ма?

- Сіздің ақпарат жүйеңізбен өзара байланыс жасайтын ұйымдармен 2000 жылға әзірлік туралы ақпарат алмасу ұйымдастырылды ма?

- 2000 жылдың проблемасын шешу үшін компьютер жабдықтарын және бағдарлама құралдарын жеткізушілермен өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді ме?

- қажетті қаржы қаражаттың мөлшері айқындалды ма, олар жеткілікті ме және оларды пайдалану жөніндегі жағдай қандай?

- төтенше жағдайлар бойынша жоспар бар ма?

Есепті әзірлеген кезде алдағы есеппен салыстырылғаны жөніндегі жауаптың өзгертілмеуі кезінде алдағы есепке сілтеме жіберіледі.

N 1-Қосымша

## Бірінші кезектегі үлгілі жоспар

1. 2000 жылдың проблемасына өздеріңіздің іскер кәсіпорыныңыздың сабақтастығына және тұрақтылығына қауіп төндіре алатын аса қауіпті проблема ретінде қараңыз. Бұл басқару мәселесі, ол ақпараттық технология емес.

2. 2000 жылға өздеріңіздің корпоративтік әзірлік бағдарламаларыңыздың басына 2000 жылдың проблемасының маңыздылығына көңіл қойған барлық тұлғаларға дейін жеткізе алатын мықты жоғары дәрежедегі басшыны қойыңыздар.

3. 2000 жылдың проблемасы көптеген сауда және орасан өндірістік жүйелерді қатардан шығара алады деп алдын ала дайындаңыз. Бұл қиын проблема, шешімі елеулі шығындармен іске асырылады, ал оның шешімінің соңғы мерзімі тез жақындап келеді.

4. 2000 жылдың проблемасына ресми мәртебе беріңіз. Атқарушы үйлестіру комитеті мен 2000 жылға әзірлік жөніндегі штаб құрыңдар және осы органдарды ең тәжірибелі басшылармен жасақтаңдар. Сіздер 2000 жылға әзірлікке арналған шығындардың көлемін бағаламауға тиісті емессіңдер және ресурстарды қайта бөлу және Сіздердің ұйымыңыздың қызметінің басымды бағыттарының жүйелерін қолданып жүрген тәртіппен қайта қарауға дайын болуға тиіс.

5. Атқарушы үйлестіру комитеті мен 2000 жылға әзірлік жөніндегі штабтың құрамына шешуші шаруашылық бөлімшелеріңіздің және корпоративтік қызмет өкілдерін енгізіңдер. Есте сақтаңыз, 2000 жылдың проблемасы сіздердің

ұйымдарыңыздың барлық бөлімшелеріңіздің шаруашылық қызметінің сабақтастығына тікелей ықпалы болуы тиіс.

6. 2000 жылға әзірлік жөніндегі жұмыстың барысы атқарушы комитеті мен директорлар кеңесінің кезең-кезеңмен жіті бақылауына алынуына қамқорлық жасаңыз.

7. Барлық ішкі жүйені, сыртқы байланыс және жүйені, сондай ақ микропроцессорлар жүйесін талдау осылардың ішінде қайсысы 2000 жылдың проблемасына жағымсыз іс әрекетке ұшырайды.

8. 2000 жылға осы жүйенің әзірлік дәрежесін бағалаңыздар. 2000 жылға оларды дайындау үшін жүргізілетін жұмыстардың сипатын және көлемін айқындаңдар. Маңызды жүйенің істен шығуының қиын мерзімдерін айқындаңдар.

9. 2000 жылға әзірліктің талаптарына сәйкес емес жүйелерді модификациялаудың тиімділігі мен реттеудің немесе алмастырудың ресми техникалық жоспарын жасаңдар.

10. 2000 жылдың проблемаларының "жүйеден тыс" аспектілеріне бұл ретте назар аудармай баспа бланкілерінің пішімін және жылды толық көрсетуге пайдаланылатын басқа материалдар сияқты ең құнды жүйені модификациялауға немесе ауыстыруға тез арада кірісіңіздер.

11. Тәуекелдіктерді тиімді әдістермен басқару арқылы өндірісте, технологиялық процестермен басқаруда, көлікте, күзет, байланыс, жылу, желдеткіш және ауаны кондициялау, экологиялық мониторинг және қауіпсіздік, көтергіш және басқа да жабдықтар жүйелерінде пайдаланылатын көптеген микропроцессорлық қондырылған жүйелерді табу, тестілеу және түзету жөніндегі қиын және қымбат тұратын жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырыңдар.

12. Фирмаларға, оның директорларына және лауазымды тұлғаларға сот талаптарын талап етуде тәуекелділікті бәсеңдетуге, сондай-ақ жеткізушілер мен клиенттердің тарабынан 2000 жылға барынша әзірлікті қамтамасыз етуге байланысты заң мәселелерін шешу жөніндегі корпоративтік жоспарды өмірге асырыңдар.

13. Өздеріңіздің мамандарыңыз жасаған және сыртқы жеткізушілерден сатып алынған барлық жүйелерді кеңесшілердің көмектесуімен жіті тексеріңіздер. Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету және жабдықтарды, оның 2000 жылға әзірлікке қатысты жеткізушілердің тексерілмеген пайымдауларына сеніп өзіңіздің бизнесіңізді тәуекелділікке соқтырмаңыздар.

14. Өздеріңіздің іскерлік байланыстарыңызды және өздеріңіздің жеткізушілеріңіздің , клиенттеріңіздің, делдалдарыңыздың және іскер әріптестеріңіздің 2000 жылға әзірліктерін белсенділікпен бақылаңыздар. Олардың 2000 жылға әзірліктегі жетістіктеріне мұқият қараңыздар, қажетті жағдайда өздеріңіздің көмектеріңізді ұсынысыңыздар және сіздердің көңілдеріңізден шықпайтын қарым-қатынастарыңызды бұзып тастауға дайын болыңыздар.

15. 2000 жылға әзірлік штабының қызметкерлеріне және мердігерлеріне қатысты, оларды алға қойған мақсаттарға жетуге және ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа бағыттай

отырып кадрларды басқарудың икемді саясатын жүргізіңдер. Тұтас алғанда әлемде тәжірибелі басқару және техникалық кадрлардың тапшылығының өсуі байқалатынын ұмытпаңыздар.

16. Сіздердің ұйымдарыңыздың шаруашылық қызмет үшін өмірлік маңызы бар жүйелерден, сондай-ақ сіздердің шешуші жеткізушілер мен клиенттеріңіздің ұқсас жүйелерден қарсы болуы мүмкін нәтижесінде төтенше жағдайлар туындаған жағдайда іс-қимылдың кешенді жоспарын жасаңыздар және қажет болған кезде енгізіңдер.

N 2-Қосымша

Қазақстан Республикасының орталық атқару органдарында, өзге мемлекеттік органдарда және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында шаралар жоспарларын әзірлеу жөніндегі ұсыныстар

---

Кешенді түгендеуді және аппараттық, бағдарламалық базасы мен ақпараттық жүйелері бар талдауды жүргізу

---

Бағдарламалық қамтамасыз ету мен компьютерлерден табылған қателерді алдын ала тестілеу және жою

---

Инфрақұрылымдағы өте сыни және ауыр жүйені айқындау

---

2000 жылға өтуге байланысты мүмкіндігі бар проблемаларды шешу үшін қажет ететін ресурстар мен уақытты айқындау үшін әрбір жүйелерді талдау

---

Күндерді пайымдауға және ауыстыруға немесе модификациялауға жататын проблемалары бар компьютерлерді бағдарламалық қамтамасыз ету тізімдерін жасау және бекіту

---

Күндерді түзетумен қайта жасауда ұсыныстар мен пакеттердің бар жоғы үшін бағдарламалық қамтамасыз ету рыногын зерттеу немесе жаңа нұсқаға дейін бар (Upgrade) бағдарламалық өнімдерді жаңарту

---

Түзетілген бағдарламалық өнімдердің жаңа платформасына кейін ауысуымен

бағдарламаның негізгі мәтініне жіберген кезде бағдарламалық кодтарды түзету

---

2000 жылдың проблемасы бойынша түзетуге жатпайтын бағдарламадан бас тарту

---

2000 жылға сәйкес ашылған кемшіліктерді жою бойынша жұмыс көлемін айқындау

---

2000 жылдың проблемаларын шешу жөніндегі компьютер жабдықтарын, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық құралдарды жаңғырту құнын айқындау

---

Технологиялық процесстерге байланысты бас тартқан ұсыныстарды қайтадан қалыпқа келтіруге сыртқы ұйымдарды (жасаушылар) тарту

---

Компьютер мен бағдарламамен қамтамасыз етуде ауыстыру, жаңғыртуға байланысты өзге іс-қимылды жүзеге ауыстыру

---

2000 жылдың келуіне байланысты күтпеген қарсылық жағдайында іс қимылды жоспарлау

---

N 3-Қосымша

## Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда іс-қимыл жоспарының үлгілік мазмұны

Мазмұны

Қысқаша түсіндірме
Кіріспе
1. Негіздеме
2. Тағайындау
3. Қамту
4. Аудитория
5. Басқа жоспарлармен/есептермен байланыс
Ұйым
6. Ұйымдастыру құрылымы
7. 2000 жылға әзірлік шеңберінде төтенше жоспарлау процесіндегі

негізгі қатысушылар

Тәуекелдерді талдау қорытындылары

8. Төтенше жағдайларда қажетті шараларды қабылдаудың мүмкіндік бағасы

9. Шаруашылық функцияларының басымдылығы

10. Төтенше жағдайлар болған кездегі талаптар

Төтенше жоспарлау процесі

11. Процессті жалпылай жазу

12. Төтенше жоспарлау рәсімдерінің бастамашысы болу

13. Процессті нақтылай жазу

14. Төтенше жағдайлар туындағандағы іс-қимыл жоспарының өмірлік циклі

Төтенше жоспарлаудың әдістерін оқу

15. Мақсаттар және міндеттер

16. Қажеттіліктер

17. Қызмет түрлері

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда іс қимыл жоспарын тестілеу

18. Мақсаттар және міндеттер

19. Қажеттіліктер

20. Қызмет түрлері

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда іс қимыл жоспарын техникалық қолдау

21. Мақсаттар және міндеттер

22. Қажеттіліктер

23. Қызмет түрлері

Қосымша

Өмірлік маңызды функцияларды қолдау жөніндегі төтенше рәсімдер

N 4-Қосымша

Сыни күндердің жиынтық тізімі

1. ОБЖ-гі (АС) "апта соңының" феномені

Орындарын айқындаудың Бас жүйесі дыбыстарының стандартында күндерді беру үшін 13 бит қатаң қолданылады. (осы биттер қарапайым күндерге қарағанда уақытты бірлікпен есептеуде өзіндік ілгерілікті танытады). ОБЖ-да 1980 жылдың 5 қаңтарының біршама жартылай түнге (әмбебап уақыт) қатысты есеп беретін екеуін құрайтын уақыт

бар. Олардың ішіндегі біріншісі ОБЖ-ның апта нөмірі болып табылады, ал екіншісі - апта уақыты (АУ). Әрбір аптаның соңында АУ жаңарады, апта нөмірі бірлікке өседі. ОБЖ-ның апталық сандық есептегіші 10-разряд болып табылады, өйткені, аптаның ең көп саны 2(10) тең, яғни, 1024. Сондықтан, 1999 жылғы 21-22 тамыздағы жартылай түнде күндердің нақты мәні осы 13 биттік өлшемге өседі, және жабдықтар уақыт немесе орналасқан орыны туралы дұрыс ақпаратты қорыта алмайды.

2. 1999 жылдың 9 қыркүйегі - файл соңы

Кобол тілінде жазылған көптеген бағдарламаларда 9999 сан "апта соңын" білдіреді, және сонымен бірге оған 9/9/99 күн сәйкес келеді. Проблеманың мәнісі көптеген бағдарламалар 1999 жылдың 9 қыркүйекте бағдарламамен жұмысты аяқтаған команда ретінде түсіндіріп беруге сияды. Осы оқиғаның болуы екі талай, бірақ, оны ескере білген жөн және алдын ала қажетті шараларды қолдану керек.

3. 2000 жыл толық жыл болып табылады

Егер жыл төртке (1998, 1992, 1996) бөлінсе бұл толық жыл болады, егер тек ол жүзге бөлінбесе (мысалы, 1900). Бірақ, егер жыл 400 (мысалы, 2000), бөлінетін болса онда ол толық жыл болып табылады. Сондықтан, 19000 жылға емес 2000 жылға қатысты ретінде 1/01/2000 күндерге дұрыс түсінік беретін жүйелер 2000 жылдың 28 ақпанынан соң 2000 жылдың 1 наурызы келеді деп "ойлануы" мүмкін.

4. Кейбір сыни күндердің жиынтық тізбесі

| | |
|---|---|
| 31/12/1899 | Айқындалған жасы мен туған күндердің дұрыстығын тексеру үшін тест |
| 01/01/1970 | (30) банкілік заклад бойынша қайта толықтыруға арналған тест |
| 01/01/1996 | Unisys мэйнфрейлер үшін қайта толықтыруға арналған тест |
| 01/01/1998 | 98 жылға немесе алдын ала 2 жылға арналған белгіге тест |
| 01/01/1999 | 99 жылға немесе алдын ала 1 жылға арналған белгіге тест |
| 29/02/1999 | Толық жылды дұрыс айқындалмауына арналған тест |
| 22/08/1999 | ОБЖ аптасының есептегішін қайта толықтыруға арналған тест |
| 09/09/1999 | Ерекше көлем: "тест күнін" немесе "іс-қимылдың аяқталу мерзімінің жоқтығы" |

31/12/1999 Ғасырдың аяқталуына арналған тест

01/01/2000 2-разряд жыл есептегішін қайта толықтыруға арналған тест

01/01/2000 Жаңа-жылдың бірінші күнтізбелік күніне арналған тест

03/01/2000 Жаңа-жылдың бірінші жұмыс күніне арналған тест

03/01/2000 Апта күнінің (сәрсенбі) ауысуын тексеру үшін тест

10/01/2000 Бірінші 9 символдық күнге арналған тест

14/01/2000 5-15-30 күндізгі кезеңдер үшін өткенді айқындауға арналған тест

31/01/2000 Айдың соңғы жұмыс күні мен күнтізбелік күнге арналған тест

28/02/2000 Жаңа ғасырдың бірінші толық күнінің түсуіне дейін 2000 жылдың айының соңғы күнінен арналған тест

29/02/2000 Толық жылға арналған тест

29/02/2000 45,60 және 90 күндізгі кезеңдерге арналған өткен күндерді қайта өңдеуге арналған тест

30/02/2000 2000 болмайтын күн

31/03/2000 Тоқсанның соңында соңғы жұмыс және күнтізбелік күнді тексеру үшін тест

01/07/2000 Аптаның соңғы жұмыс күніне арналған тест

01/08/2000 Аптаның соңғы жұмыс күнін қайта өңдеуге арналған тест (сенбі)

01/09/2000 Аптаның соңғы жұмыс күнін қайта өңдеуге арналған тест

(жексенбі)

| | |
|---|---|
| 10/10/2000 | Бірінші 10-символдық күнге арналған тест |
| 31/12/2000 | Жылдың 366 күніне арналған тест |
| 01/01/2001 | XXI-ғасырды айқындауға арналған тест |
| 01/01/2001 | Tandem жүйесі үшін қайта толықтыруға арналған тест |
| 29/02/2001 | Жоқ толық жылға арналған тест |
| 01/01/2010 | ANSIC кітапханасы үшін қайта толықтыруға арналған тест |
| 30/09/2034 | UNIX уақытының функциясы үшін қайта толықтыруға арналған тест |
| 19/01/2038 | UNIX жүйесі үшін қайта толықтыруға арналған тест |
| 18/09/2042 | IBM SYSTEM/360 үшін қайта толықтыруға арналған тест |
| 29/02/2100 | Жоқ толық жылға арналған тест |
| 00/00/2000 | Ерекше көлем |

Негізі: Американдық аурухана ассоциациясы, "2000 жылдың проблемасы" жөніндегі ақпарат орталығы.

5-қосымша, 1-кесте
________ есепке қосымша

2000 жылғы проблемаға сәйкес келмейтін және
____________ пайдаланылатын ақпараттық жүйелер
бойынша ______________ арналған жағдай бойынша
Жиынтық есеп

| Жүйелер тобы | Жүйелер саны | Түзету шаралары | Тестілеу | Тәуекелді басқару жоспары |
|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аяқталды | аяқтал. мады | аяқталды | аяқтал. мады | белгіленді | белгіленбеді |
| Толтыру үлгісі: | | | | | | | |
| 1-топ | 3 | 1 | 2 | | 3 | 3 | |
| 2-топ | 6 | 3 | 3 | 2 | 4 | 6 | |
| 3-топ | 21 | 15 | 6 | 10 | 11 | | 21 |
| Барлығы | 30 | 19 | 11 | 12 | 18 | 9 | 21 |

Жауапты атқарушының лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы

Ескерту:

1. Аппараттық құралдар басымдықтарының топтары:

1-топ. Денсаулыққа, қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ететін және өмір сүруге, қауіпсіздікке және қоршаған ортаның тұтастығына қауіп төндіретін жүйелер

2-топ. Саланың қызмет істеуіне әсер ететін және экономикада, салада ерекше шағын қаупін тудыратын жүйелер

3-топ. Қалған жүйелер

2. Жергілікті атқарушы орган жеке сектор экономикасы салаларының бөлігінде мәліметтер ұсынады.

5-қосымша, 2-кесте
________ есепке қосымша

2000 жылғы проблемаға сәйкес келмейтін және
____________ пайдаланылатын ақпараттық жүйелер
бойынша ______________ арналған жағдай бойынша
қаржылық аспектінің жиынтық кестесі

| Жүйелер тобы | Жауапты | Аяқталу күні | Шығыстар дың есеп. | Бюджет. тік. | Үнемде. ген | Тапшылық | Есепті күнгі | Шығыстар. дың соңғы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

тік қаржы қаражат шығыстар сомасы
сомасы бөлу

---

Ескерту.

1. Жүйелер тобы 1-кестеге қосымшада айқындалған.

2. Жауапты - Ұйым бойынша есепті бақылауды және жазуды ұйымдастыруға жауапты Қызметкердің тегі, аты-жөні

3. Аяқталу күні - 2000 жылға дайындық бағдарламасы шеңберіндегі шаралардың күтіліп отырған аяқталу күні

4. Шығыстардың есептік сомасы - Ұйымға оның есебі бойынша 2000 жылға дайындық бағдарламасын іске асыруға қажетті сома

5. Бюджеттік қаржы бөлу - Ұйымға 2000 жыл бағдарламасын іске асыруға бюджет қаражаты есебінен бөлінетін сома

6. Үнемделген қаражат - Ұйымның ішкі ресурстарды қайта бөлу есебінен үнемдеген сомасы

7. Тапшылық - 2000 жылға дайындық бағдарламасын қаржыландыруға қажетті жеткіліксіз қаражат сомасы

8. Есепті күнгі шығыстар - Есепті күнгі жағдай бойынша 2000 жылға дайындық бағдарламасын іске асыруға жұмсалған қаражат сомасы

9. Шығыстардың соңғы сомасы - 2000 жылға дайындық бағдарламасының аяқталған бөліктерін іске асыруға жұмсалған қаражат сомасы

10. Жүйелер тобы - 1-кестеге қосымшада айқындалған.

11. Жергілікті атқарушы орган жеке сектор экономикасы салаларының бөлігінде мәліметтер ұсынады.

5-қосымша, 3-кесте
________ есепке қосымша

2000 жылғы проблемаға сәйкес келмейтін және
____________ пайдаланылатын ақпараттық құралдар
бойынша ______________ арналған жағдай бойынша
Есеп

Түгендеу аяқталды _____________________
Түгендеу деректерін нақтылау аяқталды _______________

---

Оның ішінде

---

Жабдықтың Жабдықтың Оның ішінде 1-топта 2-топта

atауы бірлік 2000 жылға пайда. пайда.
саны, сәйкес ланы. ланы. Түзету шаралары
барлығы келмейтіні латын латын

---

Серверлер

---

Сервер
222/96/2 3 1 1 Аналық ақыны алмастыру

---

ПЭВМ

---

PC 486
24/2/240 300 300 300 Жаңаға алмастыру

---

PC 486
24/2/240 10 10 Сағаттарды қолмен қою

---

Жиыны 313 310 300

---

таблицаның жалғасы

---

Жоспар Факт

---

Аяқталу мерзімі Күтіліп Оның Аяқталу мерзімі Іс жүзіндегі
___________________________отырған ішінде ____________________ шығыстар
шаралар қайта пайдала. шығыс. қаражат түзету қайта пайда. сомасы,
тесті. нушыдағы тар со. тапшы. тесті.лану. мың теңге
леу. қондыр. масы, лығы, леу. шыда.
дің ғылар мың мың дің ғы.
теңге теңге қондыр.
ғылар

---

14.09 30.09 06.10 700,0
08.10 20.10 01.11 36 000,0 20 000,0
36 700,0 20 000,0

___________________________________________________________________________

Жауапты атқарушының лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы

Ескерту.

1. Ақпараттық құралдар үлгілерді сақтау тәртібімен келтіріледі:

Мэйнфреймалар

Серверлер

Жұмысшы станциялар

ПЭВМ

Коммуникациялық жабдықтар

Қондырылған микропроцессорлары бар жабдықтар

2. 2000 жылға сәйкес келмейтін жабдықтар бірлігінің саны бойынша басымдықтар тобының бөлігінде олардың саны келтіріледі.

1-топ. Денсаулыққа, қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ететін және өмір сүруге, қауіпсіздікке және қоршаған ортаның тұтастығына қауіп төндіретін жүйелер

2-топ. Саланың қызмет істеуіне әсер ететін және экономикада, салада ерекше шығын қаупін тудыратын жүйелер

3. Мерзімдер күнмен, аймен келтіріледі.

5-қосымша, 4-кесте

________ есепке қосымша

2000 жылғы проблемаға сәйкес келмейтін және

____________ пайдаланылатын бағдарламалық өнімдер

бойынша ______________ арналған жағдай бойынша

Есеп

Түгендеу аяқталды ____________________

Түгендеу деректерін нақтылау аяқталды ______________

___________________________________________________________________________

Жоспар

___________________________________________________________

Аяқталу мерзімі

Өнім

___________________________________________________________

(түрі, атауы, Түзету шаралары шаралар кешенді пайдалану-

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| версиясы) | | тестілеу шыдағы қондырғылар | | | |
| Толтыру үлгісі ОС Unix 5.0.2 | Патчпен түзету | 03.06 | 15.06 | 21.11 | |
| 2-топ: ИС Борышты басқарудың кешенді жүйесі | Кодты түзету | 10.08 | 25.08 | 10.09 | |
| Жиыны | | | | | |

таблицаның жалғасы

| Факт | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күтіліп отырған шығыс. тар со. масы, мың теңге | Оның ішінде қаражат тапшы. лығы, мың теңге | Аяқталу күні: түзету | кешен. ді тес. тілеу | пайда. лану. шыда. ғы. қондыр. ғылар | Іс жүзіндегі шығыстар сомасы, мың теңге |
| - | - | 11.06 | 23.06 | - | - |
| 297,2 | - | 06.08 | 20.08 | 10.09 | 297,2 |
| 297,2 | 0 | | | | 297,2 |

Жауапты атқарушының лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы

Түзету шараларының варианттары:

Версия өніміне түзету...
Патчпен түзету
Өндірістен алу
Кодты түзету
Жаңа АЖ алмастыру

---

Ескерту.

1. Жүйелі бағдарламалық құралдар үлгілерді (операциялық жүйелер, деректер базасын басқару жүйесі, бағдарламаларды әзірлеудің аспаптық құралдары, ақпараттық жүйелер) сақтау тәртібімен келтіріледі

2. Белгілі бір басымдықтар тәртібімен топтар бойынша қолданбалы

ақпараттық жүйелер:

1-топ. Денсаулыққа, қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ететін және өмір сүруге, қауіпсіздікке және қоршаған ортаның тұтастығына қауіп төндіретін жүйелер

2-топ. Саланың қызмет істеуіне әсер ететін және экономикада, салада ерекше шығын қаупін тудыратын жүйелер

3-топ. Қалған жүйелер

3. Мерзімдер күнмен, аймен келтіріледі.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК